**Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар туралы ережені бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 281 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 24 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3377. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 25-2-02/249 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.05.11 № 25-2-02/249 (ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2003 жылғы 8 шілдедегі N 477-II Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 65-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар туралы ереже бекітілсін.

2. Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы реттеу мен бақылау басқармасы осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге жіберсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

"КЕЛІСІЛГЕН":
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрлігінің Азаматтық
авиация комитетінің төрағасы
2004 жылғы 24 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы
комитеті төрағасының
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 281 бұйрығымен бекітілген

**Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының Орман кодексіне және "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712 қаулысына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - Негізгі ережелер).

2. Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар ормандарды өрттерден күзету, оларды зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғау жөніндегі шаралардың жалпы кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) мен оның аумақтық органдары және орман қорының басқа иелері мен орман пайдаланушылар жүргізеді.

3. Ормандарды өрттерден күзету, орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды осы салада мамандандырылған ұйымдар ( бұдан әрі - Орындаушы), соның ішінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарға қатысу құқығы бар мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады.

4. Конкурста жеңіп шыққан Орындаушы орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен және орман қорының басқа иелерімен жасалған шартқа сәйкес орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды орындайды.

5. Орындаушы мынадай талаптар мен шарттарға:

1) конкурс шарттарымен реттелетін жеткілікті мөлшерде өрт сөндіру күштеріне, құралдарына және құрылғыларына ие болуға;

2) ормандағы авиациялық жұмыстарды өздерінің әуе кемелерімен, сондай-ақ авиакәсіпорындармен шарттар бойынша жалға алынған кемелермен орындауға;

3) бақылаушы-ұшқыштың қолданыстағы куәлігі бар бақылаушы-ұшқыштары болуға;

4) қызметкерлері оқыған және өрт сөндіруші-десантшының қолданыстағы куәліктері, сондай-ақ су ағызатын және түсіру құрылғылармен жұмыс істеуге рұқсаттары, өрт сөндіру және радио байланысы құралдары бар десантшылардың өрт сөндіру қызметі болуға;

5) өрт сөндіру құралдарымен - өртке қарсы қол саймандарымен, өрт сөндірудің техникалық құралдарымен, су ағызатын құрылғылармен жарақтануға;

6) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы орман өрттері туралы ақпарат жинау және беру жөніндегі диспетчерлік қызметі болуға;

7) байланыс құралдарының болуы - қысқа толқынды диапазонды, ультра қысқа толқынды авиациялық диапазонды, авариялық-құтқару қызметтерімен

және қорғалатын орман қорының иелерімен келісілген жұмыс жиіліктеріндегі ультра қысқа толқынды диапазонды радиостансалары болуға;

8) әуе кемесінің дыбыс тарату стансасының бары-жоғына жауап береді.

6. Орындаушы орман өрттерін сөндіру үшін мамандар, соның ішінде өрт сөндіруші-десантшыларды даярлау кезінде әдістемелік басшылықты жүзеге асыруы, сондай-ақ бақылаушы-ұшқыштардың аттестациясын өткізуі және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруы тиіс.

7. Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарға:

1) ормандар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды өрттерден, орман зиянкестерінен және орман тәртібін бұзушылықтан күзету және қорғау жөніндегі әзірлік жұмыстарын жүргізу;

2) ормандарды өрттерден авиациямен күзету (қарауылдау) және оларды авиацияны қолданып сөндіру;

3) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнаманың бұзылуын анықтау және оған жол бермеу;

4) орманның санитарлық жай-күйіне жалпы қадағалау жүргізу, орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес жөніндегі авиахимиялық жұмыстарды орындау;

5) орман, аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қажеті үшін ұшу сапарларын орындау;

6) ормандар мен жануарлар дүниесін күзету, қорғау саласында халық арасында бұқаралық-үгіт, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-жарнама қызметін ұйымдастыру жатады.

8. Орындаушы қызмет көрсететін орман қорының аумағы өрттерді сөндіру Орындаушының күшімен және құралдарымен жүргізілуге тиіс аудандарға ( авиациялық күзет аудандары) және өрттерді сөндіру мемлекеттік орман күзеті немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциялар және олардың өртке қарсы күрес қызметтерімен жүргізілуі тиіс аудандарға (жердегі күзет аудандары) бөлінеді.

9. Орындаушы жүзеге асыратын авиациялық күзет аудандарына орман өрттерін дер кезінде байқау және жою жерде бар өрт сөндіру күштерімен және құралдарымен қамтамасыз етілмейді.

10. Жердегі күзет аудандарында Орындаушы филиалдары авиациямен қарауылдау кезінде орман өрттерінің дер кезінде байқалуын, орман өрттерінің шыққаны, олардың таралуы және отпен күрес жөніндегі қажетті шаралар туралы орман күзетіне хабарлануын қамтамасыз етуге міндетті.

11. Аумақтарды авиациялық және жердегі күзет аудандарына жатқызу тәртібі ормандарды күзету жөніндегі авиациялық жұмыстарды орындайтын кәсіпорындардың, орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық басқармалары

мен облыстар әкімдіктерінің орман шаруашылығы құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша орман орналастыру кезінде белгіленеді.

12. Мемлекеттік орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстармен қатар Орындаушы басқа мемлекеттік емес орман иеленушілердің орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүргізе алады.

13. Осы Ережеде айтылған орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды ұйымдастыру және оларды жүргізу тәртібі Орындаушы , Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органдары және ормандарды авиациямен күзетуді ұйымдастыратын орман қорының басқа иелері мен орман пайдаланушылар үшін міндетті болып табылады.

14. Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды орындауға қатысты ұшу сапарлары негізгі ережелерімен көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Орман өрттерін жердегі және авиациялық құралдармен сөндіру жұмыстарын Орындаушы "Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарын сақтай отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3369 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 268 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережелеріне қараныз.V116840 (бұдан әрі - Ереже) сәйкес жүргізеді. Қараңыз K070000251

## 2. Ормандарды авиациямен күзетуді ұйымдастыру және жоспарлау

16. Орындаушы қызмет көрсететін аумақтарда орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды тікелей жүргізуді оның филиалдары жүзеге асырады. Филиал құрамында бульдозерлермен, автоцистерналармен және өртке қарсы агрегаттармен жарақтандырылатын механикаландырылған отрядтар ұйымдастырылуы мүмкін.

Механикаландырылған командаларды өрт болып жатқан жерлерге жеткізу үшін ауыр тікұшақтар пайдаланылуы мүмкін.

Филиалдың жұмысы Орындаушы бекіткен филиал туралы ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

17. Орындаушы қызмет көрсететін аумақтарда қажет болған жағдайда өздерінің қызметін Орындаушы бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асыратын тәжірибелік-өндірістік филиалдар ұйымдастырылуы мүмкін.

18. Орман өрттерімен күрес жүргізу үшін Орындаушы филиалдарда құрамына тиісінше өрт сөндіруші-парашютшілермен және өрт сөндіруші-десантшылармен жасақталған өрт сөндіруші-парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар командалары мен топтары енетін парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметтерін ұйымдастырады.

19. Командаларды парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметтерінің аға нұсқаушысы басқарады. Өрт сөндіруші-парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылардың санына байланысты Кәсіпорынның парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметтерінің аға нұсқаушысына көмек ретінде парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар командаларының нұсқаушылары тағайындалуы мүмкін.

20. Орман қорғау жөніндегі жұмыстарға техникалық басшылықты орман қорғау жөніндегі аға бақылаушы-ұшқыш жүзеге асырады.

21. Орындаушы филиалдарда басқа филиалдарға көмек көрсету үшін парашютшілер қызметі мен өрт сөндіруші-десантшылар командалары қызметкерлерінің, бақылаушы-ұшқыштардың, өрт сөндіру құралдарының және дала жабдықтарының резервін құра алады.

22. Резервке жазылған өрт сөндіруші-парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар оларды тез арада аттандыруға болатын филиалдарда шоғырланады.

23. Ормандарды авиациямен күзету жөніндегі негізгі көрсеткіштер - күзетілетін алқап пен күзету деңгейін орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

24. Филиал қарауылдайтын орман қорының алқабы әдетте ауа райы жағдайлары бойынша шағын өрт қауіптілігіне сәйкес келетін өрттер тығыздығы жағдайында бір рет қарауылдау есебіне шаққанда негізгі әуе кемесіне келетін нормативтік жүктемеге тең келуге тиіс. Қызмет көрсетілетін аумақтың шекарасы орман иелігінің шекарасымен тұспа-тұс келуге немесе әуеден жақсы көрініп-танылатын бағдарлар (үлкен өзендер, темір жолдар және басқа танымдық бағдарлар) бойынша өтуге тиіс.

25. Филиалдардың орналасу орындары болып қорғалатын аумақтың неғұрлым өрт қауіпі бар учаскелеріне мүмкіндігінше жақынырақ орналасқан пункттер белгіленеді.

Тікұшақтар қажет болған жағдайда аэродромдардан тыс жерлерде, қону

алаңдарында Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті белгілеген талаптарға сәйкес жабдықталған қону алаңдарында тұруы мүмкін.

26. Орындаушы филиалдарына ауа райының жағдайлары бойынша ормандағы тиісінше орташа, жоғары және төтенше өрт қауіпі үшін бір, екі және үш мәрте қарауылдау үшін күзет маршруттары белгіленеді.

27. Белгіленген күзет деңгейіне және филиал қызмет көрсететін аумақта, соның ішінде шалғайдағы аудандарда шығатын өрттердің санына байланысты өрттерді дер кезінде сөндіру үшін қажет авиациялық өрт сөндіру командаларының саны, сондай-ақ командаларды өрт болып жатқан жерлерге жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс әуе кемелерінің түрлері айқындалады.

Филиалдың авиациялық өрт сөндіру командаларының құрамына механикаландырылған отрядтар, өрт сөндіруші-парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар командалары, филиалдарды диспетчерлік басқару бекеттері кіруі тиіс.

28. Күзет маршруттары орташа көріну жағдайында қызмет көрсетілетін аумақтың барынша шолынып көрінуі қамтамасыз етілетіндей есеппен өрт тұрғысынан алғанда неғұрлым қауіпті учаскелер арқылы тартылады. Көрші маршруттардағы белгілі бір алқаптың көрініп тұруына үлкен тосқауылдар қойылуына жол берілмеуге тиіс. Маршруттардың шұғыл бұрылыстар жасауына мүмкіндігінше жоламау керек. Маршруттар тарту кезінде ұшу сапарларының барынша қауіпсіз болуын қамтамасыз ету қажеттігі ескеріледі.

29. Маршрут сызықтарының арасындағы қашықтық 60 километрден аспауға, ал маршруттан қызмет көрсетілетін аумақтың шекарасына дейін 30 километрден аспауға тиіс.

30. Орман иелерімен шарт жасасқаннан кейін Орындаушының өндірістік жоспары жасалады, оны Орындаушы басшысы бекітеді. Осы жоспардың негізінде әрбір филиалға үстіміздегі жылдың өндірістік тапсырмасы беріледі.

31. Ұшу сағаттары бойынша жоспар орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган мен Орындаушы жасасқан мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес ормандағы авиациялық және өзге де өндірістік ұшу сапарларын орындау үшін филиалдар бойынша және жалпы алғанда Орындаушыға ұшу уақытының лимиттерін бөлуді көздейді.

32. Авиациялық орман күзетінің ұшу сапарларына орман өрттерін байқау және олармен күресу, жанып жатқан өрттерге және осы Ережесінің сақталуына бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ орман тәртібін бұзушылықты анықтау және оған жол бермеу мақсатында өткізілетін ұшу сапарлары жатады. Осы

мақсаттар үшін филиалдарға қажет ұшу уақыты ормандардың өртенуінің орташа көрсеткіші кезінде туындаған ұшу сағатын ескере отырып жазғы уақытта жоспарланады.

33. Өзге өндірістік ұшу сапарларына ұшақтарды (тікұшақтарды) филиалдарға ұшырып апару және қайта ұшырып әкелу жөніндегі ұшу сапарлары, сондай-ақ орман паталогиясын зерттеулер бойынша, әуе жаттығуын өткізуге және Орындаушының ұшқыштар құрамын әуеде тексеріп көруге арналған арнайы ұшу сапарлары жатады.

34. Қызмет бабындағы көмекші ұшу сапарларына филиалдарды инпекциялау жөніндегі ұшу сапарлары жатады.

35. Жеке құрамды, өртке қарсы жабдықтарды, байланыс құралдарын және басқа да мүлікті әуе көлігімен филиал орналасқан жерге тасымалдау жер көлігі болмаған кезде жүзеге асырылуы мүмкін не әуе көліктерін басқа жерге ұшырып апаруға тұспа-тұс келтіріледі. Осы мақсаттар үшін қажет ұшу уақытының мөлшері әрбір жекелеген жағдайда өндірістік жоспардың негізінде айқындалады.

36. Авиациялық жанар-жағар май материалдарын тасып жеткізу үшін арнайы ұшу сапарлары өндірістік шығындар сметасында жеке баппен жоспарланады.

37. Көп жылдық байқаулар бойынша жазғы кезеңде ормандардың жануы кемінде 1 ай байқалмайтын аудандарда ормандарды авиациямен күзетуде үзілістер жоспарлануы мүмкін.

38. Әрбір филиалға филиал орналасқан жерде тұрақты тұратын бақылаушы-ұшқыштардың қажетті мөлшері бекітіп беріледі.

Филиалдың толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Орындаушы бақылаушы-ұшқыштардың резервін ұстайды, ол осы ұшқыштардың жоспарлы санының 10 пайызынан аспауға тиіс.

39. Филиалдарды өрт сөндіру құралдарымен жарақтандыру орман өрттерімен белсенді күрес жүргізетін әрбір филиал қызмет көрсетілетін аумақтың табиғи және экономикалық жағдайларында пайдаланылуы дұрыс және әуе кемесінің таңдап алынған түрімен мүмкін болатын орман өрттерімен күресу құралдары мен әдістерін қолдануға сақадай сай болатындай есеппен жүргізіледі.

40. Орындаушы ормандағы жоғары өрт қауіптілігі кезеңдерінде орман өрттерімен күресте атқарушы биліктің жергілікті органдарымен, орман иеленушілермен өзара іс-қимыл жөнінде шаралар әзірлейді, оларда:

1) шешімдер әзірлеуге атқарушы билік органдарының және басқа орман иеленушілердің қатысуы;

2) әуе кемелерін жұмылдыру тәртібі;

3) әуе кемелерін орналастыру орындары мен күзет маршруттары;

4) өрт сөндіру күштері мен құралдарын икемді пайдалану;

5) авиациялық жанар-жағармай материалдарымен, көлік және байланыс құралдарымен, картографиялық материалдармен, өрт сөндіру құралдарымен, азық-түлік тағамдарымен қамтамасыз ету;

6) басқа филиалдардан жіберілетін резервтік парашютшілер және өрт сөндіруші-десантшылар командаларын тарту және орналастыру тәртібі көзделеді.

41. Әуе кемелерін, өрт сөндіру құралдарын орналастыру жоспарлары және жоғары өрт қауіпі кезеңінде жүргізілетін шаралар орман шаруашылығын басқарудың тиісті органдарымен келісіледі және қызмет көрсетілетін облыстардың төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияларына баяндалады.

## 3. Ормандарды күзету жөніндегі авиациялық және жердегі қызметтердің өзара іс-қимылы

42. Аумағында ормандарды өрттерден авиациямен күзету жүргізілетін орман иелері:

1) ормандарды өртке қарсы жабдықтау жоспарларында күзетілетін аумақты өрт сөндіру аудандарына бөлуді ескеруге;

2) ормандарды авиациямен күзетудің барлық мәселелері бойынша орман күзетімен нұсқаулық өткізуді ұйымдастыруға;

3) ұшақтан хабар қабылдап алу бекеттерін әзірлеуге, ал тікұшақтар жұмыс істейтін аудандарда орман иелерінің, орманшылықтардың кеңселері жанында, өрт сөндіру-химия стансалары мен кордондар орналасқан жерлерде, өрт тұрғысынан алғанда неғұрлым қауіпті орман алаптарында қону алаңдарын жабдықтауға (тікұшақтар үшін алаңдар әзірлеуге әдістемелік басшылықты филиал жүзеге асырады);

4) егер орман иеленуші орналасқан жерде Орындаушының радиостансалары болмаса, күзетші ұшақпен (тікұшақпен) байланыс жасап тұру үшін тиісті радио құралдарына ие болуға міндетті.

43. Күзетілетін аумақта орман өрттерін авиациямен қарауылдауды және сөндіруді ұйымдастыруды диспетчерлік басқарудың бірыңғай бекеттері жүзеге асырады.

44. Филиалдың авиациямен күзету аудандарында десантшы-өрт сөндірушілер өздерінің күштерімен байқалған әрбір орман өртін ойдағыдай ауыздықтау үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті.

45. Орман өртін өз күшімен ауыздықтау мүмкін болмаған жағдайда филиалдың бақылаушы-ұшқышы бұл жайында орман иеленушіге дереу

х а б а р л а й д ы .

Орман иеленуші өртті сөндіруге қолма-қол шаралар қолданады және филиалмен бірлесіп өрт сөндіруді ұйымдастырады.

46. Филиал өртке әуе көлігімен жердегі күштер мен құралдарды жібереді, өрт сөндіру басшысының күзетші әуе кемесімен радио байланысын қамтамасыз етеді , басшының талап ету бойынша жағдайды бағалау және отпен күрес жөнінде неғұрлым дұрыс шешімдер қабылдау үшін оған өрт болып жатқан жердің үстімен ұшып өту мүмкіндігін береді.

47. Авиациялық күзет аудандарында өрттерді толық сөндіру және оларды қарауылдау парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерінің функцияларына жатады.

48. Жердегі күзет аудандарында филиалдар байқалған барлық өрттер жайында орман иеленушілерге дереу хабарлауға міндетті. Филиалдар жеткілікті күштер мен құралдар болған жағдайда авиациялық күзет аудандарында өрттерді сөндіруге нұқсан келтірмей, өрттерді сөндіру жөнінде шаралар қолдана алады.

Жердегі күзет аудандарында өрттерді толық сөндіру және оларды қарауылдау барлық жағдайда жердегі күштермен және құралдармен жүргізіледі.

49. Орман иеленушілер бір жағынан және Орындаушы екінші жағынан шартта көрсетілген орманды күзету және қорғау жөніндегі жұмыстардың орындалуына б а қ ы л а у ж а с а й д ы .

Шарттық міндеттемелердің бұзылуының барлық жағдайлары жайында тараптар орман шаруашылығын басқару органдарына және Орындаушыға хабарлауға міндетті, олар бұл хабарларды қарап, анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолданады.

50. Орман иеленушілер мен оларға қызмет көрсетуші филиалдар авиациямен байқалған және авиациялық күштер мен құралдардың қатысуымен және дербес Орындаушының күшімен сөндірілген қызмет көрсетілетін аумақта шыққан орман өрттерінің мөлшері мен алқабы туралы деректерді ай сайын салыстырып о т ы р у ғ а т и і с .

Осы деректерде күрт алшақтық болған жағдайда орман иеленушілер мен Орындаушы филиалдары орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органы мен Орындаушыны хабардар етеді.

51. Өрт қауіпі бар маусым басталар алдында және ол аяқталғаннан кейін орман иеленушілер Орындаушының тиісті филиалының қатысуымен кеңес өткізеді. Бірінші кеңесте ормандарды авиациямен күзету және орман шаруашылығына қызмет көрсету жөніндегі алдағы жұмыстар және осы жұмыстардағы қажетті іс-қимыл мәселелері қаралады. Екінші кеңесте филиалдың аға бақылаушы-ұшқышының есебі тыңдалады, өткен маусымның қорытындылары шығарылады және филиалдың авиациялық жұмыстарды

орындауы туралы қорытынды беріледі.

Филиал бірнеше орман иеленушіге қызмет көрсететін жағдайда орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органдары кеңесті өздері қажет деп табатын орман иеліктерінде ғана өткізуі мүмкін.

52. Орман иеленушілер мекемелерінде қорытынды кеңестер өткізілгеннен кейін өткен өрт қауіпі бар маусымдағы жұмыс нәтижелері туралы филиалдардың есебі орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органында техникалық кеңесте қаралады.

Техникалық кеңестердің хаттамаларында филиалдар бойынша: өрттердің мөлшері мен алқабы, өрт қауіпі бар маусымда шыққан және авиациялық күштер мен құралдар қолданылып, сондай-ақ қызмет көрсетілетін аумақта авиациялық қызмет күштерімен дербес сөндірілген өрттердің санымен салыстырғанда авиациямен байқалған өрттердің пайызы көрсетілуге тиіс.

Техникалық кеңес хаттамасының көшірмесі жылдық есепке тіркеледі.

53. Орман иеленушілер мекемелеріндегі кеңестердің хаттамалары, филиалдар жұмысы туралы пікірлер мен оған жасалған талдаудың негізінде техникалық кеңес өткен кезеңдегі ормандарды авиациямен күзету жөніндегі жұмыстың қорытындылары туралы жалпылама қорытынды беріп, жұмыста орын алып отырған олқылықтарды жою туралы ұсыныс енгізеді.

## 4. Орындаушы филиалдарының жұмысын диспетчерлік басқаруды ұйымдастыру

54. Орындаушы қызмет көрсететін аумақта авиациямен толассыз қарауылдауды қамтамасыз ету, өрттер байқалған күні оларды сөндіру жөнінде қажетті және жеткілікті шаралар қабылдау үшін облыстар әкімдігінің орман шаруашылығы құрылымдық бөлімшелері жанынан мемлекеттік орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мекемесі өртке қарсы күрес қызметтерінің іс-қимылын үйлестіру жөніндегі диспетчерлік қызмет ұйымдастырылуы тиіс.

55. Диспетчерлік қызмет күн сайын облыс аумағындағы барлық орман өрттерінің жағдайы туралы белгіленген нысан бойынша Республикалық диспетчерлік қызметке есеп береді.

56. Республикалық диспетчерлік қызмет республика бойынша орман өрттері туралы ақпаратты күн сайын жинауды ұйымдастырады, өткен күн үшін белгіленген нысан бойынша, ал ауқымды орман өрттері пайда болған жағдайларда облыстардан алынған ақпарат бойынша есепті қорытындылап, уәкілетті органға есеп береді.

57. Бірыңғай Республикалық диспетчерлік қызмет жұмысына басшылықты басшы немесе басшының ұшу қызметі жөніндегі орынбасары не оны алмастыратын тұлға, ал филиал диспетчерлік басқарудың бірыңғай бекеттерінің жұмысын - филиал командирі жүзеге асырады. Республикалық диспетчерлік қызметтің техникалық басшысы бас диспетчер, филиал диспетчерлік басқару бекетінде - диспетчер болып табылады.

58. Диспетчерлік басқару бекетінің барлық нұсқаулары міндетті болып табылады және орман өрттерін сөндіру қызметтерінің дереу және сөзсіз орындауына жатады.

59. Диспетчерлік басқару бекеттерінде күн сайын мынадай ақпарат:

1) кешке жақын:

әрбір филиал бойынша келесі күнге бастапқы деректер - метеорологиялық жағдай және ауа райының болжамы;

әуе кемелерінің ұшуға әзірлігі, ұшып шығу уақыты және ұшу мақсаты;

филиалдарда ұшуға әзір парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерінің, сондай-ақ басқа ресурстардың бар-жоғы;

күзетілетін аумақта жанып жатқан және сөндірілген өрттердің саны мен алқабы;

өрт сөндіруде жұмыс істеп жатқан парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі, орман күзеті қызметкерлерінің, тартылған жұмысшылар саны және өрттерде өрт сөндірудің техникалық құралдарының болуы;

авиациялық құралдармен өрттерге тасып апаруға және келесі күні кері тасып әкелуге белгіленген адамдар мен өрт сөндіру техникасының, далалық жабдықтардың мөлшері;

филиалға қажет көмек;

2) күн бойына:

ұшақтың немесе тікұшақтың түрі мен борт нөмірі, парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметінің борттағы қызметкерлерінің саны көрсетіліп, ұшу уақыты, ұшу сапарының мақсаты, маршруты;

көрсетілген ұшақтар мен тікұшақтар келіп қонатын орын мен уақыт және олардың жұмыс істеуінің бұдан былайғы жоспары;

себептері және қажетті көмек шаралары көрсетіліп, ұшу сапарларының кідіруі немесе жүзеге асырылмауы;

әрбір өрттің орыны, ауданы, негізгі сипаттамалары, оны жою жөнінде қолданылған шаралар көрсетіліп, оның байқалған уақыты, қажетті қосымша шаралар туралы;

жанып жатқан өрттердің сипаттамалары, оларды сөндіру жөнінде қосымша шаралар қолдану керектігі, қажет көмек көрсетіліп, осы өрттерді қарап көру

деректері;

басқа филиалдардағы өрттерді сөндіру үшін парашютшілер және өрт сөндіру-десантшылар қызметінің қызметкерлерін жіберу туралы баяндаулар;

басқа филиалдардан қосымша күштер мен құралдар келгені туралы, сондай-ақ парашютшілер және өрт сөндіру-десантшылар қызметі қызметкерлерінің және кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жұмысшыларының өрттерден қайтып оралғаны туралы хабарлармалар;

Орындаушының немесе орман иеленушінің араласуын қажет ететін төтенше оқиғалар мен басқа да жағдаяттар туралы ақпарат жиналады.

60. Филиалдан республикалық диспетчерлік қызметке ақпарат берудегі кідіріс еңбек тәртібін өрескел бұзу ретінде қаралуға және кінәлілер еңбек заңнамасына сәйкес жауапқа тартылуға тиіс.

61. Орындаушының Республикалық диспетчерлік қызметке келіп түсетін ақпаратты филиалдың диспетчерлік бекеті көрнекілік және пайдалануға ыңғайлы болуы үшін арнайы схемалар мен кестелерде қорытады. Диспетчерлік құжаттаманың нысандары мен ақпарат беру тәртібін Орындаушы белгілейді.

62. Әуе кемелері бірінің ұшу сапарының кідіруі немесе болмайтыны туралы деректер алғаннан кейін Республикалық диспетчерлік қызметтің басшысы бұған түрткі болған себептерді жою жөнінде шаралар қолданады не авиакомпания арқылы әуе кемесін шұғыл түрде ауыстыру туралы мәселені шешеді немесе көрші филиалдардың тиісті аумақты қарап көруі туралы және белгіленген көлік жұмыстарын орындауы туралы нұсқау береді.

63. Ағымдағы күннің нақты жағдайларына байланысты Республикалық диспетчерлік қызмет қосымша күштер мен құралдардың жетіспеу қатері төнген аудандарға оларды өрт қауіпі жоқ немесе ол болымсыз филиалдардан дер кезінде жіберуге тиіс.

64. Өрт қауіпінің күшеюіне, орман өрттері санының көбеюіне қарай және филиалдарда бар өз күштері мен құралдары жетіспейтін жағдайда басқа филиалдардан резервтер сұралуы мүмкін.

65. Республикалық диспетчерлік қызмет нұсқауларын орындау нәтижесінде өртпен күресті ұйымдастыруда қателіктерге жол берілген барлық жағдайларда мұндай қателіктердің зардаптары үшін жауапкершілік осындай нұсқау берген басшыға жүктеледі.

## 5. Байланыс жүйесін ұйымдастыру

66. Орман өрттерден авиациялық қорғау жөніндегі Орындаушы филиалдарының жұмысын қамтамасыз ету әрі олардың орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мекемесі өртке қарсы күрес

қызметімен өзара іс-қимылы үшін мынадай радио байланысы жүйесі ұйымдастырылады:

1) филиалдарға қызмет көрсететін әуе кемелері "Казаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының әуе қозғалысына қызмет көрсететін органдармен қызмет жауапкершілігі аймағында радиостансаның әсіре қысқа толқынды авиациялық диапазонының немесе арнаның қысқа толқынды диапазонының жиілігінде жұмыстардың белгілі бір түрлері орындалатын ұйымдармен тұрақты түрде радио байланыста болуға тиіс;

2) әрбір ұшақ пен тікұшақтың филиалмен радио байланысы, бұл ретте екі бағыттағы корреспондентті шақыру қолма-қол, ал бортта филиал жиілігіне бапталған жеке радиостансаның командалық әсіре қысқа толқынды авиациялық диапазоны болмаған жағдайда осындай шақыруға қажеттілік туындағаннан кейін 10-15 минуттан кейін кешіктірмей жүзеге асырылуға тиіс;

3) олар байқалғаннан кейін келесі күні ауыздықталмаған өрттерді сөндіру басшыларымен филиалдың радио байланысы;

4) әуе кемесі өрт ауданында болған кезеңде өрттерді сөндіруде жұмыс істеп жатқан топтармен ұшақтар мен тікұшақтардың радио байланысы;

5) филиалдың өзінің авиациямен өрт сөндіру стансаларымен және қызмет көрсетілетін барлық орман иеленушілермен радио байланысы немесе сенімді телефон байланысы;

6) тиісті орман иеленушінің аумағы үстінде қарауылдау ұшу сапарын орындауы кезінде авиациямен өрт сөндіру стансаларымен және қызмет көрсетілетін орман иеленушілермен ұшақтың (тікұшақтың) радио байланысы.

67. Радио байланысы жұмысының регламентін республикалық диспетчерлік қызмет белгілейді.

68. Орындаушының орталық радиостансасының жабдықтары, филиалдардағы радиостансаларының мөлшері мен түрлерін таңдау, жұмыс жиіліктері мен кестесі филиалдардың жұмысы және ормандардың өртенуі туралы ақпараттың, сондай-ақ орман өрттерімен күресті ұйымдастыру жөніндегі тиісті өкімдердің дер кезінде берілуін қамтамасыз етуді ескере отырып айқындалады.

69. Орындаушы, оның филиалдары орман шаруашылығы басқармасымен бір бекетте орналасқан жағдайларда осы бекетте ормандарды жерден күзетудің де, авиациямен күзетудің де қажеттіліктерін қамтамасыз ететін бірыңғай диспетчерлік бекет ұйымдастырылады.

70. Орындаушының, орман иеленушілердің және қарауылшы ұшақтардың ( тікұшақтардың) арасындағы радио байланысы мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ұшып шығатын күні осының алдында белгіленген уақытта филиалдың радиостансасы циркулярлық байланыс сеансын өткізеді, онда ұшу уақыты

нақтыланады, өздерінің аумақтарының жекелеген учаскелерін қарап шығу жөніндегі орман иеленушілердің тапсырымдары қабылданады, орман өрттерін сөндіру жөніндегі өзара іс-қимыл мәселелері шешіледі, сондай-ақ ұшу сапарларын кейінге қалдыру оқиғалары немесе циркулярлық байланыстың келесі сеансының уақыты жайында хабарланады;

2) қарауылшы ұшақ (тікұшақ) ұшып шыққан сәттен бастап күзетілетін аумақтағы барлық командалық радиостансалар "қабылдауда" толассыз жұмыс істеуге, жердегі радиостансалардың ұшақтың (тікұшақтың) радиостансасымен байланысты бақылаушы-ұшқыштың рұқсатымен ғана тоқтатуға құқығы бар;

3) бақылаушы-ұшқыш күзетілетін аумақтағы радиостансалардың бірімен жұмыс істеуі кезінде барлық қалған радиостансалар осы жиілікте радиоалмасуды тоқтатуға тиіс және оны бақылаушы-ұшқыш кезекті байланыс сеансын аяқтағаннан кейін ғана қалпына келтіре алады;

4) ұшып шығып, биіктікке көтерілгеннен кейін бақылаушы-ұшқыш аумағының үстімен ұшып келе жатқан орман иеленушілермен байланысқа түседі ;

5) ормандағы өртті немесе өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуын байқаған кезде бақылаушы-ұшқыш олар және оларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабар береді және қажет болған жағдайда өзінің бұдан былайғы іс-әрекетін орман иеленушімен келісіп алады;

6) ұшақтың басқа орман иеленушінің шекарасына таяп қалуына 5-10 минут қалғанда бақылаушы-ұшқыш оның радиостансасымен байланыс орнатады.

71. Аумағының үстімен ұшып шығу аяқталған орман иеленушімен байланыс оның шекарасынан ұшып өткеннен кейін ғана тоқтатылады, бұл ретте бақылаушы-ұшқыш осы радиостансамен келесі сеанстың уақытын белгілейді.

72. Бортында радиостансалар бар ұшақтар мен тікұшақтардың бақылаушы-ұшқыштары қажет болған жағдайда ұшып бара жатып Орындаушы филиалдарының және республикалық диспетчерлік қызмет радиостансасымен тікелей байланыс орната алады.

73. Орман өрттерін байқау немесе оларды сөндіру жөніндегі қажетті шаралар туралы хабарлар борттардан тиісті әуежайдың диспетчері арқылы берілуі мүмкін . Өрттер туралы радиограмма алғаннан кейін әуежай диспетчері оны өзінің қарауындағы байланыс құралдарының көмегімен осы бекетте орналасқан филиалдың немесе орман иеленушінің міндетіне қарай не Орындаушыға дереу беруге міндетті.

74. Едәуір қашықтықта ұшып бара жатқан және филиалмен әсіре қысқа толқынды авиациялық диапазонда тікелей радио байланысы болмаған кезде хабарламаларды беру әуеде байланыс орнату мүмкін болатын басқа ұшақтар мен тікұшақтардың көмегімен жүргізілуі мүмкін.

75. Орман өрттері және оларды сөндіру жөніндегі шаралар туралы хабарламаларды беру үшін борттағы радиостансаларды пайдалану Негізгі ережелерін сақтай отырып жүргізіледі.

76. Орындаушы мен орман иеленушілер радиостансаларының авиакәсіпорындардың жердегі радиостансаларымен байланыс орнату және орман өрттері туралы хабарламаларды беру үшін жердегі байланыс арналарын пайдалану тәртібі әрбір жекелеген жағдайда өрт қауіпі бар маусым басталар алдында тиісті авиакәсіпорындармен және ішкі істер органдарымен келісіп алынуға тиіс.

77. Нақты жергілікті жағдайлар мен өрт жағдайына байланысты қажет болған жағдайда орман өрттері туралы хабарламаларды беру үшін сондай-ақ басқа министрліктер мен ведомстволардың ұйымдары мен кәсіпорындарының радио және сым байланыс құралдары пайдаланылады.

## 6. Метеорологиялық қызметті ұйымдастыру

78. Ормандарды авиациямен күзетуге метеорологиялық қызмет көрсету ормандарды авиациямен күзету жұмыстарын жүргізу мерзімдерін жоспарлау, ауа райының жағдайлары бойынша ормандағы өрт қауіпінің сыныбын айқындау мақсатында ұйымдастырылады.

79. Ормандарды авиациямен күзету жұмыстарын жоспарлау үшін Орындаушы , соның ішінде оның филиалдары ауа райының айлық, әрбір сағаттық және тәуліктік болжамдарымен, ормандағы өрт қауіпінің болжамымен, нақты ауа райы жағдайлары туралы күнделікті ақпармен және метеорологиялық спутниктік ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

80. Қызмет көрсетілетін аумақта ауа райының жағдайлары бойынша ормандағы өрт қауіпінің сыныбын анықтау әдетте филиал орналасқан бекеттегі метеорологиялық стансаның деректері бойынша жүргізіледі.

81. Бекітілген қарауылдау маршруттары бойынша ұшу сапарларын орындауды үйлестіріп отыру үшін ауа райының нақты жағдайы, өрт қауіпінің сыныптары және филиал қызмет көрсететін аумақта орналасқан барлық метеостансалар бойынша жауын-шашынның мөлшері туралы ақпарат пайдаланылады.

82. Ормандағы өртті сөндіру қызметтерінің жұмысына диспетчерлік басқару ұйымдастырылған филиалда ауа райының жағдайлары бойынша ормандағы өрт қауіпінің сыныбын есептеуді филиалдардың диспетчерлік басқару бекеттері жүргізеді.

## 7. Орындаушының орман қорын авиациямен қарауылдауға әзірленуі

83. Ормандарды авиациямен күзету жұмыстарын орындауға орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен шартқа қол қойылғаннан кейін Орындаушы мынадай әзірлік жұмыстарын жүргізуі қажет:

1) орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарға орман иеленушілермен шарттар жасасу;

2) орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды орындау бойынша ұшу сапарларын орындауға авиакәсіпорындармен шарттар жасасу;

3) орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарға метеорологиялық қызмет көрсетуге шарттар жасасу;

4) филиал қызметкерлерінің жетіспейтін мөлшерін жинау және даярлау;

5) бақылаушы-ұшқыштар мен парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерінің біліктілігін қуаттау, өрт сөндіру құралдарын пайдалану, орман өрттерін сөндіру тактикасы мен техникасы жөнінде жаттығу сабақтарын өткізу, қауіпсіздік техникасы бойынша есептеме тапсыру;

6) ұшқыштар құрамы мен парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерін медициналық куәландыру және олардың жаттығып ұшуы, әуе кемесінен секіруі және сырғып түсуі;

7) өрт сөндіру құралдарын, көлік пен байланысты, парашют-десант мүлігі мен далалық жабдықтарды жұмысқа дайындау, олардың жетіспейтін мөлшерін сатып алу;

8) картографиялық материал әзірлеу;

9) авиациялық өрт сөндіру стансалары мен қосымша жанар май құю бекеттерін ұйымдастыру, жарылғыш материалдар қоймаларын әзірлеу, жару жұмыстарын жүргізуге рұқсат беретін құжаттаманы алу, жанар-жағар май және жарылғыш материалдарды сақтау орындарына тасып алу;

10) филиалдарда және авиациямен өрт сөндіру стансаларында жаңа өндірістік мақсаттағы үй-жайлар мен құрылыстар, қызмет үйлерін, жатақханалар салу және барларын жөндеу, сондай-ақ тікұшақтар үшін қону алаңдарын салу;

11) жергілікті жерлерде атқарушы билік органдарының шешімдерін әзірлеуге және орман шаруашылығын басқару органдары өткізетін орман иеленушілермен кеңестерге қатысу;

12) өртке қарсы алдын алу шаралары.

84. Парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар даярлау Орындаушы бекіткен бағдарламалар бойынша жүргізіледі.

85. Бақылаушы-ұшқыштардың, парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерінің, орман шаруашылығы

кәсіпорындарының ірі орман өрттерін сөндіру басшыларының және басқа мамандардың біліктілігін қуаттау қолданыстағы Ережелерге сәйкес Орындаушының арнайы оқу пункттерінде жүргізіледі.

86. Орындаушы қызметкерлерінің ұшақпен ұшуын тексеруді, сондай-ақ авиакәсіпорынның штурмандары мен командалық ұшқыштар құрамы жүргізуі мүмкін.

87. Бақылаушы-ұшқыштардың куәліктерін ұзарту Орындаушы жанында ұйымдастырылатын жергілікті біліктілік комиссиясында жүргізіледі. Бақылаушы-ұшқыштардың сыныбын арттыруды Азаматтық авиация мамандарының біліктілігі туралы ережеде көзделген тәртіппен Орындаушының біліктілік комиссиясы жүргізіп, кейіннен Қазақстан Республикасының Жоғарғы аттестациялық комиссиясы бекітеді.

88. Ормандарды авиациямен қорғауда қолданылатын карталар өздерінің мақсатына қарай:

1) орман өрттерінің орналасқан жерін дәлме-дәл анықтау және олармен күрес жөнінде қажетті шаралар әзірлеу үшін пайдаланылатын қарауыл карталар;

2) ұшақпен ұшуға арналған ұшу карталары;

3) орман өрттерінің схемаларын салуға, өрт сөндіру, сондай-ақ оларды өндірістік тапсырмаларды орындау кезінде парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылардың пайдалануы жөніндегі жұмыстарды жоспарлауға арналған орман өрттері карталары;

4) өндірістік тапсырмаларды орындау кезінде парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылардың жалпы бағдар ұстануына арналған облыстардың әкімшілік карталары;

5) Орындаушы филиалдарындағы диспетчерлік басқару бекеттеріне штаб карталары болып бөлінеді.

89. Жыл сайын өрт қауіпі бар маусым аяқталғаннан кейін филиалдардың барлық қарауыл және ұшу карталары тексеріледі және нақтыланғаннан кейін келесі өрт қауіпі бар маусымда олардың қайсысы пайдаланылуы мүмкін екені және қандай филиалдар бойынша карталар жаңадан жасалуға тиіс екені айқындалады.

90. Қызмет көрсетілетін ауданға ұшу және қарауыл карталарды бақылаушы-ұшқыштар әзірлейді және оны филиалдар орындауы мүмкін. Филиалдағы ұшу және қарауыл карталар жинақтарының мөлшері жоғары өрт қауіпі жағдайында ұшу сапарларын қамтамасыз етуді ескере отырып айқындалады.

Әзірленген карталарды Орындаушы басшысының ұшу қызметі жөніндегі орынбасары тексереді.

91. Қарауыл карталары ретінде масштабы 1:1000000 немесе 1:3000000 топографиялық карталар пайдаланылады. Картаның масштабы қызмет көрсетілетін ормандардағы орамдардың мөлшеріне және бағдар ұстану желісінің дамуына байланысты орамдар кемінде 1х1 см өлшемде болатындай және картада өртті жергілікті жердегі бағдарларға дәлме-дәл байламдау үшін пайдаланылуы мүмкін егжей-тегжейлі мәселелерді қамтитындай есеппен таңдап алынады.

92. Қарауыл картасына шартты белгілермен:

1) филиал қызмет көрсететін аумақтың шекарасы;

2) орман иеліктері мен орманшылықтардың шекарасы, олардың атаулары;

3) орман иеленушілер мен орманшылықтардың кеңселері, өрт сөндіру аудандары;

4) орамдардың шекарасы мен нөмірлері;

5) орман күзеті қызметкерлерінің тұрғылықты жерлері;

6) хат-хабарлар қабылдау пункттері;

7) өрт бақылау мұнаралары, мачталар;

8) өрт сөндіру-химия стансалары мен авиациямен өрт сөндіру стансалары, қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерінің шоғырланған бекеттері;

9) орман иеленушілердің радиостансалары, аэродромдар, тікұшақтарға арналған қону алаңдары және қосымша жанар май құю бекеттері;

10) электр желілері және жергілікті жерде бар басқа да бағдарлар енгізіледі;

11) қарауыл картасына, сондай-ақ экспедициялардың, іздестіру партиялары мен отрядтарының орналасқан жерлері, олардың жүру маршруттары енгізілуі мүмкін;

12) қажет болған жағдайда картаға аумақтың жекелеген учаскелерінің өрт қауіпінің деңгейін сипаттайтын қосымша деректер енгізілуі мүмкін.

93. Маневр жасау жоспары бойынша көрші филиалдарға көмек көрсететін филиалдар осы филиалдардың аумағына арналған ұшу карталарының толық жинақтарына ие болуға тиіс.

94. Қарауыл картасын ұшу сапарында пайдалану ыңғайлы болуы үшін ол мөлшері 20х30 сантиметрлі планшеттерге қиылады. Қарауыл картасының планшеттері тығыз қатырма қағазға желімделеді, бұл ретте парақтарды бір-біріне бүктеуге ыңғайлы болуы үшін ені 15 мм бос орын картамен желімделмеген күйінде қалдырылады. Жоғарғы (солтүстік) бос орынға парақ нөмірі жазылады. Планшеттер топографиялық картаның тұтас парақтарынан жасалуы мүмкін, олардың мөлшері ені бойынша 50 см, ал биіктігі бойынша 65 см аспайды. Мұндай жағдайда планшет оны материядан жасалған жапсырмалармен топтастыруға ыңғайлы болуы үшін қосылған екі бөлікке қиылады және белгіленген бос орындар қалдырылады. Планшеттер батыстан шығысқа қарай планшеттердің реттік нөмірлері болатындай, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай

әрбір төменгі планшеттің нөмірі олардың үстінде орналасқан парақ нөмірінен 10-ға немесе 20-ға артық болатындай етіп нөмірленеді.

95. Қарауыл карталары орман орналастыру жұмыстарының, аэрофототүсірімнің, орман патологиясын қадағалаудың, ормандарды өртке қарсы жабдықтаудың материалдары бойынша және өткен жылғы басқа да өзгерістерді ескере отырып жыл сайын нақтыланып отырады.

96. Орман қорын авиациямен күзету және қорғау жөніндегі ұшу сапарларын жүзеге асыру барысында қарауыл картасы жергілікті жерге қатысты айқындалған қосымша бағдарлық егжей-тегжейлі мәселелермен нақтыланады.

97. Ұшу картасы ретінде масштабы 1:500 000 (М 1:100 000 қарауыл картасы жағдайында) немесе 1:1 000 000 (М 1:300 000 қарауыл картасы жағдайында) топографиялық карталары пайдаланылады.

98. Ұшу картасын әзірлеу оған шартты белгілермен қарауыл маршруттарын, филиал қызмет көрсететін аумақтың шекарасын, орман иеліктерінің шекарасын және қарауыл картасы планшеттерінің нөмірлерін көрсетіп (қоңыр түспен) олардың рамкаларын, сондай-ақ орман иеленушілер кеңселерінің орналасу бекеттерін және авиациялық жанар-жағар майды қосымша құю бекеттерін енгізумен тұжырымдалады. Филиал қызмет көрсететін орман иеленушілерінің саны көп бола қоймайтын аудандарда ұшу картасына, сондай-ақ орманшылықтардың шекарасы мен олардың кеңселерінің орналасқан жері енгізіледі.

99. Ұшу карталары аумаққа көрші филиалдардың орналасқан жерлеріне ұшу сапарларының орындалуын есепке ала отырып әзірленеді.

100. Ұшу және қарауыл карталарына арнайы белгілер тушпен немесе фломастермен мұқият қойылуға тиіс.

101. Орман өрттері карталары ретінде масштабы 1:100 000 арнайы топографиялық карталар пайдаланылады.

102. Штаб карталарын Орындаушы және диспетчерлік басқару бекеттері ұйымдастырылған филиалдар дайындайды және пайдаланады. Филиалдардағы штаб карталарын жүргізудің қажеттігін жұмыс жағдайына қарай филиалдың бақылаушы-ұшқыштары айқындайды.

103. Штабтық ретінде масштабы 1:1000000 кем болмайтын карталар пайдаланылады, онда:

1) орман иеленушілерінің шекаралары және олардың филиалдар қызмет көрсететін кеңселері;

2) әуе кемелерінің және парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызмет қызметкерлерінің саны көрсетілетін филиалды орналастыру орны;

3) орман қарауылдау маршруттары;

4) әуежайлар және ұшақтар мен тікұшақтарға арналған қону алаңдары;

5) механикаландырылған командалардың орналасқан жері және қосымша жанармай құю бекеттері;

6) орман иеленушілердің өрт сөндіру-химия стансалары көрсетіледі;

7) картаға әуе кемелерінің нақты арақашықтығы және парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерінің саны суреттелген белгілер қойылады. Белгілер жағдайдың өзгеруіне қарай ауыстырылады;

8) өрт білінген кезде олардың пайда болған орны қызыл түсті жалауман өрттің пайда болған күні және оның нөмірі көрсетіле отырып белгіленеді;

9) сөндірілген өрттер көк түсті жалаумен белгіленеді.

104. Филиалдар қызмет көрсететін орман иеленушілермен алдағы өрт қауіпі бар маусымға дайындық мәселелері жөнінде кеңес өткізу кезінде мынадай негізгі мәселелер қарастырылады:

1) өрттер туралы ақпарат алуды ұйымдастыру және алу тәртібі;

2) өртке қарсы күрес бойынша авиациялық және жердегі күштер мен құралдардың өзара іс-қимылы, орман күзетудің тұрақты жұмысшыларының арасынан команда ұйымдастыру, өртке қарсы күрес үшін қосымша резерваттарды тарту тәртібі;

3) орман өртін сөндіруде парашютшілер мен өрт сөндіруші десантшылардың көмек көрсетуін ұйымдастыру, оларды қарауылдау, жеке құрамның филиалға қайтуы;

4) хабарламаларды қабылдау бекетіне айыру белгілерін құру ережесі;

5) вымпелдерді қабылдау тәртібі;

6) авиациялық күштер мен құралдар арқылы орман өрттерін жоюды және сөндіруді қуаттау тәртібі;

7) тікұшақтар үшін қону алаңдарын салу және оларды пайдалану және авиациялық жанар-жағар май сақтау ережесі;

8) өткен өрт қауіпі бар маусымдағы ормандарды күзетудің авиациялық сияқты жердегі жұмыстарының кемшілігі, оларды болдырмау жолдары анықталып, жұмыстағы өзара байланыстары шешілуде.

105. Филиалдар өрт қауіпі бар маусымға дейін мынадай жұмыстарды:

1) орман өрттерін сөндіру үшін орман иеленушілеріне бөлінетін жұмыс командаларын дайындауды қамтамасыз етуге;

2) орман иеленушілерімен біріге отырып радиостансалар орналастырылған және хабарламалар қабылдау бекеттері ұйымдастырылуы тиіс орындарды анықтауға, оларға берілген шақыру және айыру белгілері көрсетіліп осы бекеттердің тізімін, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауға жауапты адамдардың лауазымы мен аты-жөнін алуға;

3) орман иеленушілерімен бірге орман орналастыру материалдары бойынша өрт сөндіру аудандарында аумақтарды бөлуді жүргізуге, қарауылдау карталарын

нақтылауға;

4) өткен кезеңдегі орман өрттерінің пайда болу себептерін және олардың таралуына әсер ететін жағдайларды талдауға;

5) эспедиция жұмысының аудандары және олардың маршруттары туралы мәлімет алуға;

6) орман иеленушілермен бірге өрт командаларының қай жерде және қандай құрамда ұйымдастырылуы керектігін анықтауға;

7) орман иеленушілермен бірге тікұшақтар үшін қону алаңдарын салу және қосымша жанармай құю бекеттерін ұйымдастыру мерзімдерін анықтауға;

8) Орындаушымен бекітілген ормандарда өртке қарсы алдын алу жоспарына сәйкес дайындық жұмыстары кезеңінде өрттің алдын алу шараларын жүргізеді.

106. Өрт қауіпі бар маусым басталмас бұрын филиалдарда филиалдағы қолда бар орман өрттеріне қарсы күрестің барлық техникалық құралдарын пайдалануы бойынша парашют және өрт сөндіру командалары қызметкерлерінің практикалық жаттығулары (оқытулары) және орман иеленушілер мен аудан аумағында орналасқан басқа да кәсіпорындардың орман өрті бөлімшелері қатыса алатын байланысты пысықтау жүргізіледі.

Жаттығулар жеке құрамның дайындық деңгейін, сондай-ақ өртке қарсы жабдықтар мен байланыс құралдарының техникалық жағдайын және жұмысқа дайындығын анықтау мақсатына ие. Жаттығулар нәтижесі Орындаушыға жіберілетін арнайы актімен ресімделеді. Актіде жүргізілген жұмыс түрі, олардың көлемі, оларды орындауға кеткен уақыт, кемшіліктер көрсетіледі және ормандарды күзету жөніндегі жұмыстарды орындауға филиалдың дайындығы туралы қорытынды жасалады.

## 8. Ормандарды авиациямен қарауылдау

107. Ормандарды авиациямен қарауылдау орман өрттерін уақтылы байқау, ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуын анықтау, сондай-ақ өсімдік және жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалардың бұзылғандығын анықтау және оларды болдырмау мақсатында қызмет көрсететін орман аумағын ауадан жүйелі түрде бақылау болып табылады.

108. Орман қорын күзету және қорғау бойынша авиация жұмыстары бекітілген маршрут бойынша жүргізіледі. Ол ормандағы өрт қауіпі бар маусымның түсуімен басталады.

109. Өрт қауіпі бар маусымда филиалға әуе кемесінің әрбір түрі бойынша уақыт лимиті белгіленеді. Лимитті пайдалану және ұшу сапарларын жалғастыру кезінде Орындаушы қосымша лимит бөле алады.

110. Маршруттың бірінші аралап ұшуы әдеттегідей әуе кемесінің бортында орман иеленуші өкілінің болуымен ормандардың өртенуі басталғанға дейін жүргізіледі. Бұл ретте авиациялық орман күзету жұмыстарын жүргізуге орман иеленуші мен филиалдың дайындығы тексеріледі және тұрақты авиациялық күзетті бастау қажеттігі нақтыланады.

111. Филиалға тұңғыш рет жіберілген бақылаушы-ұшқыштар қатарға ұшқыштар құрамының лауазымы бойынша аға тұлға болып енгізіледі. Қажет болған жағдайда Орындаушының басшысы жаңа тағайындалған бақылаушы-ұшқышты қатарға енгізуге аса тәжірибелі бақылаушы-ұшқыштың біреуіне сеніп тапсыруға құқылы. 1-сынып бақылаушы-ұшқыштары жұмысқа қатарға енгізілмей-ақ жіберіледі.

112. Қатарға енгізу ұшақты өзі жүргізу, өртті байқау және барлық белгіленген өндірістік құжаттамаларды жүргізу элементтерін пысықтаумен филиалға бекітілген аумақ бойынша таныстыру ұшу сапарларын орындау жолымен жүргізіледі. Бақылаушы-ұшқыштың қатарға енгені туралы акт жасалады. Бақылаушы-ұшқыштың дербес жұмыс істеуіне рұқсат беру Орындаушының бұйрығымен ресімделеді. Бақылаушы-ұшқыш курстарының түлектеріне дербес жұмыс істеуге рұқсат беру оларға қатарға енгізу бағдарламасы өткеннен кейін жүргізіледі.

113. Ауа райына байланысты ормандағы өрт қауіпі жергілікті уәкіл бойынша анықталады. Өрт қаупі бес сынып бойынша сипатталады.

114. Өрт қауіпінің 1-сыныбы кезінде авиациямен күзет әдеттегідей жүргізілмейді, бірақ жанып жатқан өрттің жағдайын бақылау және өрт сөндіруші командаларға көмек көрсету үшін эпизодикалық ұшу сапарлары тағайындалуы мүмкін. Орманда өрт қауіпінің келуімен ауа райының жағдайларына байланысты және олардың күшеюіне қарай авиациямен күзетудің қарқындылығы ұлғаяды.

115. Болымсыз өрт қауіпі (өрт қауіпінің 2-сыныбы) кезінде өртену басталғанға дейін қарауылдау 1-2 күн сайын жүргізіледі.

116. Орташа өрт қауіпі бар кезеңнің (өрт қауіпінің 3-сыныбы) басталуы немесе күніге болымсыз өрт қауіпі бар өрттердің болуы күн сайын бір мәрте қарауылдау үшін негіздеме болып табылады.

117. Жоғары өрт қауіпі бар кезеңнің (өрт қауіпінің 4-сыныбы) басталуы немесе күніге орташа өрт қауіпі бар өрттердің болуы екі мәрте қарауылдау үшін негіздеме болып табылады.

118. Төтенше өрт қауіпі бар кезеңнің (өрт қауіпінің 5-сыныбы) басталуы немесе күніге жоғары өрт қауіпі бар өрттердің болуы үш мәрте қарауылдау үшін негіздеме болып табылады.

119. Бұрын байқалған, бірақ әлі сөндірілмеген өрттерді көру үшін және оларды сөндіру жөнінде қосымша шаралар қабылдау үшін ұшу сапарлары

қажеттігіне қарай өрт қауіпінің сыныбына қарамастан оларды толықтай жойғанша жүргізіледі.

120. Қарауылдау мөлшерінің саны желдің жылдамдығының секундына 8 метр асуы кезінде, сондай-ақ демалыс және мереке күндері халықтың орманға көптеп келуі кезінде ұлғаюы мүмкін.

121. Қарауылдау мөлшерінің саны ауа райының өзгеруіне және барлық қызмет көрсетілетін аумақтардағы сияқты олардың бөліктерінде де жауын-шашынның болуы кезінде төмендеуі мүмкін.

122. Авиациямен күзетуге ұшу орман иеленушімен келісілетін Орындаушы бекіткен кесте бойынша жүргізіледі.

123. Орман өрті етек алған жерлерге өрт сөндіруші жұмысшылар мен құралдарды жеткізуге байланысты ұшу сапарлары ормандардың өртенуінің жоғары кезеңінде таң атқанда немесе таңғы уақытта ертемен басталуы тиіс.

124. Ұшу сапарларының қажеттілігі туралы шешімді және қарауылдау мөлшерінің санын диспетчерлік басқару бекеттері белгілейді және филиалдарға хабарлайды. Нақты өрт қауіпі жағдайына қарай филиалдың бақылаушы-ұшқышы диспетчерлік басқару бекеттерімен келісім бойынша ұшу уақытын және қарауылдау мөлшерінің санын өзгертуге құқылы.

Егер диспетчерлік басқармаға филиалдардың жұмысы енгізілмеген болса, ұшу сапарларының қажеттілігі, қарауылдау мөлшерінің саны туралы шешімді Орындаушы қабылдайды.

Ұшу сапарларын белгілеу (тоқтату) және олардың мөлшерінің санын өзгерту туралы шешімді қабылдаушы лауазымды адам оған толық жауап береді.

125. Орманды авиациямен күзетуді үздіксіз жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында филиалдың бақылаушы-ұшқышы жалға алған әуе кемелерінде қандай ресурстардың барын, регламент бойынша жасалатын жұмыстар кезеңінде ұшақтар мен тікұшақтарды, сондай-ақ санитарлық нормамен ұшатын экипаждарды ауыстыру жөніндегі шараларды күні бұрын қабылдай білуі керек. Әуе кемесі тұрып қалған жағдайда филиалдың бақылаушы-ұшқышы оны ауыстыру жөнінде шаралар қабылдайды және ол туралы республикалық диспетчерлік қызметке баяндайды.

126. Қарауылдауға ұшуға дейін бақылаушы-ұшқыш әуе кемесінің командиріне орман өртінің жанып жатқан жерін хабарлап, оларды тексеру, адамдар мен жүктерді жеткізу тәртібін келісуі тиіс.

127. Қарауылға ұшу сапарында бақылаушы-ұшқыштың штурмандық есеп үшін керек-жарақтары, тиісті карталары, өндірістік құжаттама карталары, лақтыру үшін дайындалған вымпелдері болуы тиіс.

128. Өрт сөндіруші-парашютшілермен немесе өрт сөндіруші-десантшыларымен ұшу сапары кезінде бақылаушы-ұшқыш ұшаққа (тікұшаққа) отырар алдында

оларда ақаусыз орман өрттерін сөндіру жабдықтарының, байланыс құралдарының, аспа жабдықтарының, қорғаушы құралдардың, жеке санитарлық пакеттердің, сондай-ақ тамақтану қорларының, ақша қаражатының және осы аудандағы жұмыс жағдайында өндірістік тапсырмаларды орындау үшін қажетті арнайы киімдердің болуын тексеруі керек.

129. Авиациямен қарауылдау бағыты бойынша ұшу сапарлары және өрт болған жерлерге ұшып келу болымсыз немесе орта биіктікте әуе кемесінің нақты түрінде көліктік ұшу үшін белгіленген крейсерлік жылдамдықта жүргізіледі.

130. Қарауылдау ұшу сапары Негізгі ережелеріне сәйкес орындалады.

131. Ұшу сапары кезінде бақылаушы-ұшқыш белгіленген бағыт бойынша ұшақты жүргізуді жүзеге асырады, қызмет көрсетілетін аумақтарда түтіннің пайда болуына, орманның сақталуының санитарлық жағдайына тұрақты бақылау жасайды.

132. Түтінді байқағаннан кейін бақылаушы-ұшқыш түтін шыққан жерге қарай ұшу үшін бағытты өзгерту туралы ұшқышқа тапсырма береді және бұрылу уақыты мен орнын, сондай-ақ жаңа курсты борт журналға жазады. Түтін пайда болған орын байқалған сәттен бастап және олармен жұмыс аяқталғанға дейін ( вымпелдерді лақтыру) борт журналда ұшу сапарының басты элементтерінің өзгеру орны мен уақыты (курсы, биіктігі, жылдамдығы), сондай-ақ өрт және істелген жұмыстар туралы мәліметтер (кесте жасау, парашютшілерді түсіру, радио арқылы мәлімет беру) жазылады.

133. Өрт болған жер оны маңайындағы танылған бағдарға байланыстыру жолымен көзбен шолып қарау арқылы анықталады. Бағдардан өртті айтарлықтай жою кезінде оның орны пеленгілеу арқылы анықталады.

134. Өртке нақты пеленгілер екі бағдардан, онда пеленгілер олардан 45 төмен немесе 135 аспайтын бұрышта қиылыспайтын есеппен алынады. Есептің дәлдігі үшін алынғандардың біреуіне кері немесе қосымша бағдар үшін үшінші пеленг алу ұсынылады.

135. Бақылаушы-ұшқыш өрт болған орынды анықтау дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін ғана бағыт бойынша ұшу сапарын одан әрі жүргізуге құқығы бар.

136. Экипаж өрт болған орынды нақтылау үшін уақыттың кештігінен, жанар-жағармайдың немесе ұшудың санитарлық нормаларының жеткіліксіздігінен кешіге алмайтын жағдайларда бақылаушы-ұшқыш дереу алғашқы мүмкіндікті пайдалана отырып өрт болған жерге екінші рет ұшып келуге және оның орнын нақтылауға міндетті.

137. Әуеден өрт түрлерін анықтауға мынадай белгілер қызмет етеді:

төменгі өрт - ағаштардың астында немесе ашық жерде от жанып жатады, өрт алабының нысаны созыңқы, шекарасы ирелеңкі болып келеді, ағаштар

астындағы от әдетте ойдым-ойдым болып көрінеді, түтін түсі ақшыл;
жоғарғы өрт - өрт алабы тым созыңқы, ағаштардың жанып жатқан діңдері көрінеді, от 600 метрден биіктіктен жақсы көрінеді, түтін түсі қою;
шымтезек немесе жерасты өрті - таяуда пайда болған өрттің шекарасы нашар байқалады, түтін өрттің бүкіл алабында жоғары көтеріледі, от көрінбейді; ескі өрт орнында жанып кеткен алқап шекарасы жақсы байқалады, түтін өрттің шет аймақтары бойынша шоғырланған, құлап қалған ағаштар көп, от көрінбейді.

138. Өрт болған жерді және оның түрін белгілей отырып бақылаушы-ұшқыш айналып ұшып шығады және жай қарындашпен бағдар бойынша қарауылдау картасына өрттің шекарасын белгілейді. Егер өрт алаңы картаның масштабында 0,5 шаршы сантиметрден кем болса, онда оның орнын нүктемен белгілейді.

139. Өрт болған алаңдар палеткамен анықталады. Картада орындары нүкте арқылы көрсетілген өрт алаңдары көзбен шамалау арқылы анықталады. Алаңдарды анықтауда жіберілетін қателіктер 30 % аспауы тиіс.

140. Өрт алаңы және оның түрі анықталғаннан кейін қажет болған жағдайда орамдық желілер, елді мекендер, өзендер, көлдер, жолдар, соқпақтар және басқа да бағдарлар көрсетіліп өрт орнынан хабарламалар немесе оның схемасы жасалады.

141. Схема түсті қарындаштармен (фломастер) жасалады, бұл ретте көгілдір түспен - өзен, көл, батпақтар, қоңырмен - жолдар, жасылмен - орамды желілер, қарамен желдің бағыты (арнайы сызықпен) және елді мекендердің (бағдарлар) атауы көрсетіледі.

Схемада қызыл түспен өрттің шекарасы көрсетіледі немесе оны дөңгелектеп белгілейді (егер өрттің мөлшері айтарлықтай болмаса). Оттың таралу бағыты қызыл сызықпен көрсетіледі.

Схемада картада жоқ қосымша бағдарлар, сондай-ақ жалынды тоқтату үшін қолдануға болатын табиғи тосқауылдар көрсетіледі және өртті сөндіру тактикасы бойынша ұсыным беріледі.

142. Өрт схемасын жасағаннан кейін ұшу биіктігі өртті нақтылап қарау үшін төмендеуі мүмкін, бірақ биіктік Негізгі ережелерінде көзделген талаптардан төмен болмауы тиіс, бұл орайда бақылаушы-ұшқыш:

1) өртеніп жатқан орманға сипаттама жасайды (құрамы, толымдығы, жас тобы - төл, орта жастағы, пісіп-жетілген), егер өрт орман көмкермеген алаңда болса, онда оның санаты көрсетіледі;

2) өртте жұмысшылардың бары немесе жоқтығы көрсетіледі;

3) өрттің қарқындылығы анықталады, схемаға енгізілетін қосымша деректер анықталады.

143. Төменгі өрттердің қарқындылығын анықтау үшін мынадай белгілер әрекет етеді:

1) өрттің қарқындылығы күшті болған жағдайда жалын 200 метр жоғарыдан және өрттің барлық шебі бойынша көрінеді;

2) өрттің орташа қарқындылығы кезінде жалын 200 метрден жоғары биіктікте өрт шебінің жекелеген учаскелерінде ғана көрінеді;

3) болымсыз қарқындылық кезінде от 200 метр биіктіктен байқалмайды.

144. Өртті қарау кезінде бақылаушы-ұшқыш норматив бойынша техникалық құралдар мен жұмыс күштерінің қажеттілігін, сондай-ақ сол жағдайдағы өртті сөндіру тактикасы мен техникасын анықтайды. Бұл орайда күштер мен құралдар келіп жеткенше өрттің таралу ықтималдығын ескеру керек.

145. Бақылаушы-ұшқыш қарауылдауды орындау кезінде әуе кемесінің бортынан радио арқылы өрт және оны сөндіру жөніндегі қабылданған шаралар туралы шұғыл түрде филиалға бұл хабарламаларды диспетчерлік басқару бекетіне беру үшін хабарлауы тиіс. Әрбір өртке бөлек хабарлама жасалады.

146. Өрт байқалған аумақта орман иеленушімен радио байланысының болуы кезінде бақылаушы-ұшқыш оған, сондай-ақ өрт туралы хабарды ашық мәтінмен береді. Бұл жағдайда хабарлама жасалмайды.

147. Егер орман иеленушімен радио байланысы болмаса, бақылаушы-ұшқыш жасалған хабарламаны өртке жақындауға аса қолайлы жердегі хабарламаны қабылдаудың ең жақын орналасқан бекетіне лақтыруы тиіс.

Егер ұшу сапарының одан кейінгі бағыты орман иеленушінің немесе орманшылық кеңсесінің маңынан өтетін болса, қажет болған жағдайда оларға өрт шыққан орын, оның сипаттамасы мен оны сөндіру жөніндегі шараларды көрсетіп, хабарламаның көшірмесін тастай алады.

148. Ережесін бұзушылық байқалған кезде бақылаушы-ұшқыш оларды тоқтату шараларын қолдануға тиіс:

1) егер тәртіп бұзушылық орман өртінің пайда болуына тікелей әсер етпейтін болса, ол туралы ұшу сапары аяқталғаннан кейін тиісті орман иеленушіге хабарлауы тиіс;

2) егер анықталған құқық бұзушылық нәтижесінде орман өртінің басталуы мүмкін болса, тәртіп бұзушылықты тоқтату туралы тәртіп бұзушыларға жазбаша өкімдік беруі немесе тоқтату туралы хабарлама беру үшін дыбыс тарату стансаларын пайдалану қажет;

3) қажет болған жағдайда құқық бұзушылықты тоқтату және тиісті хаттама ресімдеу үшін парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерін түсіру керек;

4) тікұшақпен қарауылдау кезінде және қону мүмкін болған жағдайда тәртіп бұзушылықты тоқтату және тәртіп бұзушыларды жауапкершілікке тарту шараларын жеке қабылдау қажет.

149. Орман өртінің пайда болу қауіпін төндіретін Ережесі, сондай-ақ өсімдік және жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзу туралы барлық тәртіп бұзушылықтарды бақылаушы-ұшқыш шұғыл түрде орман иеленушіге хабарлауы тиіс.

150. Қорғалатын аумақтарда өрт қауіпсіздігі ережесін бұзушылық саны көптеп байқалатын кезеңдерде олардың алдын алу және олармен күрес жөніндегі арнайы ұшу сапарлары жүргізілуі мүмкін. Мұндай ұшу сапарларында орман иеленушілер, жергілікті атқарушы органдар және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысуы тиіс.

## 9. Орман өрттерін сөндіруді ұйымдастыру

151. Өрт сөндіруші парашют және десант қызметтерінің негізгі міндеттері орман өрттерін сөндіру және бірінші кезекте алыс орналасқан аудандарда өрт байқалғаннан кейін өрт айтарлықтай алаңға таралып үлгермеген кезде шамалы уақыт ішінде сөндіру болып табылады.

152. Парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар командаларының жердегі күштері келіп жеткенше жою және таралуын тоқтату мүмкін болмайтын едәуір аланды қамтыған өрттерді сөндіру үшін оларды түсіру әдеттегідей қажет болмайды.

153. Ірі орман өртіне қарсы күрес үшін өрт сөндіруші парашютшілер мен десантшыларды пайдалану Орындаушы басшылығының рұқсатымен және әрбір жекелеген жағдайда мынадай мақсаттарда:

1) жердегі күзет қызметкерлері жетпеген жағдайда мұндай өрттерді сөндіруге тартылған жұмысшылар бригадаларына басшылық ету үшін немесе арнайы дайындықты қажет ететін жұмыстарды жүргізу үшін (жарылғыш материалдардың көмегімен қоршау жолақтарын төсеу), бұл ретте жаңадан пайда болатын кішірек от орындарын сөндіру үшін филиалда күштердің жеткілікті саны қалуға тиіс;

2) жердегі сөндіруші күштер келгенге дейін объектілер немесе құнды екпелерге қауіп төндіретін өрт бөлігінің таралуын бөгеу үшін;

3) механикаландырылған командалардың техникалық құралдарымен өрттерді сөндіру кезінде жіберіледі.

154. Шарт бойынша қызмет көрсетілмейтін ормандарда өрттерді сөндіру үшін , егер мұндай өрттер шарт бойынша қызмет көрсетілетін орманға көшуі немесе олар елді мекендер немесе көлік жолдарынан айтарлықтай алыстаған, мұндай шаралар қызмет көрсетілетін аумақтардағы өртті сөндіру шығындарына қабылданбаған жағдайларда өрт сөндіруші парашютшілер мен десантшылар түсіріледі.

155. Өрт қауіпі бар кезеңнің барлық күнінде (сенбі және жексенбі күндерін қосқанда) парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлері орман өрттеріне қарсы күрес жөніндегі тапсырманы орындау үшін шұғыл түрде ұшуға дайын жағдайда болуы тиіс. Демалыс күндерін қолданыстағы ережеге сәйкес және Орындаушының келісімі бойынша филиалдың бақылаушы-ұшқышы белгілейді.

156. Орманды авиациямен күзету бойынша ұшу сапары күндерінде ұшуға тағайындалмаған өрт сөндіруші парашютшілер мен десантшылар ұшу сапары аяқталғанға дейін филиалда кезекшілікте болуға міндетті. Бұл ретте олар тек осы филиалдың аумағына ғана, сол сияқты басқа филиал аумағына да ұшуға дайын болуы тиіс.

Өрт сөндіруші парашютшілер мен десантшылар командаларының жоғарыда көрсетілген жағдайлардың кез келгеніне ұшу дайындығы 15 минуттан көп уақытты алмауы тиіс.

157. Өрт сөндіру үшін парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерін түсіру бақылаушы-ұшқыштың жазбаша тапсырмасы бойынша жүргізіледі, онда өрт сөндіруші парашютшілер мен десантшыларды түсірудің орындылығы және қажеттілігі туралы бірауыздан шешім қабылдайды, түсірілетін топтың санын анықтайды, өрт сөндіру басшысын тағайындайды және қабылданған шешімнің дұрыстығына толық жауапкершілікте болады.

158. Парашютшілер немесе өрт сөндіруші десантшылар ұшақ (тікұшақ) жақсырақ бағдар ұстанып, қону алаңынан өртке барар жол белгілеу үшін өртке жақындап келген биіктіктен өртті және оған жапсарлас аумақты қарап көреді.

Өрт сөндіру басшысы өртке қарсы күрестің негізгі тактикалық схемасын белгілейді. Осы уақытта бақылаушы-ұшқыш қажет болған жағдайда өрт схемасын жасайды. Схемаларды орман өртінің картасында немесе хабарлама бланкісінде бақылаушы-ұшқыш жасай алады.

159. Ұшу сапарының биіктігі төмендегеннен кейін және өрт орнын егжей-тегжейлі қарағаннан кейін бақылаушы-ұшқыш жерге түсірілген топтың басшылығымен бірге орман өртін сөндіруді ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

160. Тікұшаққа отырғызу және одан түсіру, әсіресе тікұшақ бір жерде тұрған уақытта жылдам әрі ұйымдастырылған түрде жүргізілуі тиіс. Десант операцияларының нақты болуы үшін өрт сөндіруші әрбір десантқа олардың тікұшақта алатын орнына байланысты оған міндеттемелер ауқымы бекітіледі. Тікұшақта өртке қарсы жабдықтарды тиеу, түсіру тәртібі және олардың орны белгіленеді.

161. Жерде ауыр тікұшаққа тиеу кезінде және 1,5 метр биіктікке дейін ауада бір орында тұру кезінде ұшуға тағайындалған өрт сөндіруші десанттардың жартысы (жұмыс нөмірінің тәртібі бойынша алғашқылары) тікұшаққа кіреді, ал

қалғандары жүктерді беріп тұрады. Алдымен кіре беріс есіктен алыс тұратын жүктер беріледі. Жүктерді тиеу аяқталғаннан кейін барлық өрт сөндіруші десанттар өздерінің орындарына жайғасады. Жүктерді түсіру керісінше тәртіппен жүргізіледі.

162. Түсіру құралының көмегімен жүктерді түсіру қажет болған жағдайда алдымен кіре беріс есік алдында отырған өрт сөндіруші десант, оның артынан оң борттағы қарсы отырған десант түсіріледі. Осыдан кейін қалған десанттар орналасу тәртібіне байланысты алдымен есікке жақын жатқан және одан әрі орналастырылған жүктерді түсіреді. Бұрын түсірілген десанттар жүктерді жерде қабылдайды. Тікұшақтың есігі ашық кезде жұмысшылар тиісті құралдардың көмегімен тікұшақтан құлап кетпеу үшін сенімді сақтандырылған болуы тиіс. Жүктер түсірілгеннен кейін қалған өрт сөндіруші десанттар түсіріледі.

163. Бір жерде асылып тұрған тікұшаққа тиеу кері тәртіпте жүргізіледі.

164. Тиеу-түсіру жұмыстарының қажетті жылдамдығы мен нақтылығын қамтамасыз ету үшін өрт қауіпі жоқ күндері арнайы жаттығулар жүргізілуі тиіс.

165. 1,5 метр астам биіктікте бір жерде асылып тұрған тікұшаққа отырғызу және одан түсіру тек арнайы дайындықтан өткен жұмысшылар үшін ғана жіберіледі.

166. Болымсыз өрттерді сөндіру кезінде бақылаушы-ұшқыштар өрт сөндіруші десантшылар өртті сөндіргенше, одан кейін оларды өрт болған жерден алып кетуге қосымша ұшу сапарын жасамау үшін өрт ауданындағы алаңда тікұшақты кідірте алады.

167. Алыс орналасқан аудандарда өртті сөндіру үшін түсірілген парашютшілер және өрт сөндіру-десантшылар қызметі жұмысшыларының командалары (топтары) қарауылдау ұшағымен (тікұшағымен), сондай-ақ өрт сөндіруге қатысушы жұмысшылар арасында байланыс болу үшін радиостансалармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Елді мекендерге жақын өртті сөндіру кезінде түсірілген топтарды радиостансалармен қамтамасыз ету бақылаушы-ұшқыштың қарауына байланысты жүргізіледі.

168. Егер өрт ол байқалғаннан кейін екінші күні сөндірілмесе, оны сөндіруде жұмыс істеуші командаға (топқа) филиалмен байланыс ұстап тұруға мүмкіндік беретін радиостанса беріледі.

169. Топтар түсірілген орнынан ұшар алдында бақылаушы-ұшқыш олардың қолайлы қонғанына және жүктерді қабылдағанына көз жеткізуі тиіс.

Қонған алаңнан кету кезінде бақылаушы-ұшқыш олардың артынан өрттің орын алған жерін қосымша бағдарлау үшін өрт бағытына қарай ұшып өтеді.

170. Өрт сөндіруші парашютшілер мен десантшылардың қайсы бірі жараланған кезде бақылаушы-ұшқыш зардап шегушіге көмек көрсету үшін

барлық қажетті шараларды қабылдап, болған оқиға туралы филиал мен Орындаушыға шұғыл түрде хабарлайды.

171. Мемлекеттік орман шаруашылығы немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мекемесінің орман иеленушілері мен қызметкерлері парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерін түсіру кезінде болған қайғылы оқиға туралы хабарламаны алғанған кейін зардап шегушіге қолда бар барлық құралдар арқылы не жергілікті билік органдары немесе басқа ведомстволардың кәсіпорындары арқылы шұғыл түрде көмек көрсетуі тиіс.

172. Орман өртін сөндіру басшысы отқа қарсы күрес жөніндегі өткізілген шаралардың дұрыстығына, орман өртін сөндіру жетістігіне және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау ережесінің сақталуына жауап береді.

Ол өрттің сөндірілгені туралы шешімді өрттің қайта тұтану қауіпі және одан әрі қарауылдау қажеттілігі жоқтығына көз жеткізгеннен кейін ғана қабылдайды.

Егер орман иеленуші филиалдың бақылаушы-ұшқышының өтініші бойынша орман өртін қарауылдау үшін басқа қызметкерлерді жіберетін болса, филиал қызметкерлері өрт орнынан орман иеленушінің жауапты қызметкерінің жазбаша рұқсаты бойынша ғана кетуге құқылы.

173. Егер өртке жерден күштер жіберілген жағдайда орман иеленуші өртті сөндіру басшысының міндетін мемлекеттік орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету қызметкеріне жүктей алады. Өртті толық сөндіруге және қарауылдауға парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылардың қатысуы туралы мәселе бұл жағдайда орман иеленуші мен филиалдың бақылаушы-ұшқышы бірге шешеді.

174. Өрт сөндіру басшысы өрт сөндірілгеннен кейін белгіленген нысан бойынша үш данада орман өрті туралы хаттама жасайды.

175. Орман шаруашылығын орналастыру материалдары бар орман өрті туралы хаттаманы жасау кезінде өрт сөндіру басшысы хаттама нысанында " Гектар аланды өрт қамтыды" 9-тармағын және "Өрт салдарынан болған шығындар" 15-тармағын толтырмайды. Хаттамаға өрт сұлбасы және оның жақын жердегі орман жолына немесе басқа бағдарларға байланысы көрсетілетін абрис жоспар қоса беріледі. Схемада әртүрлі өрт болған учаскелер мен олардың алаңдары көрсетіледі.

176. Орман шаруашылығын орналастыру материалдары жоқ ормандарда пайда болған орман өрті туралы хаттаманы жасау кезінде өрт сөндіру басшысы абрис жоспарда өрттің алаңын, сондай-ақ орман және орман көмкерілген алаңның шекарасын көрсетуі тиіс. Хаттамаға өртті сөндіруші басшы қол қойған анықтама қоса беріледі, онда екпелердің түрлілілік құрамы, оның жасы және басым кездесетін ағаш тұқымы, басым кездесетін ағаш тұқымы үшін орташа биіктігі мен орташа диаметрі көрсетіледі. Осы анықтаманың және орман өрті

туралы хаттаманың деректері негізінде орман иеленуші өрт нәтижесіндегі келген шығынды есептейді.

177. Өртті сөндірген парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметінің мүшелері оралғаннан кейін бақылаушы-ұшқыш өрт туралы хаттамада көрсетілген және оған қоса берілген құжаттардағы деректерді жеке тексеруге міндетті, содан соң тиісті орман иеленушіге хаттаманың екі данасын жібереді.

178. Орман иеленуші өртті парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметінің қызметкерлері көрсеткен тәртіппен жалған хаттама негізінде тіркеуге алуға міндетті.

Егер орман қорғаушы мен мемлекеттік орман күзету және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметкері хаттамада өрт алаңы немесе басқа да деректер дұрыс көрсетілмеген деп есептесе, бұл жөнінде шұғыл түрде бақылаушы-ұшқышқа хабарланады, содан соң хаттамада келтірілген деректерді бірлесіп тексеру ұйымдастырылады.

179. Ережесі бұзылғаны туралы бақылаушы-ұшқыштар немесе парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметінің мүшелері жасаған хаттамалар есепке алу үшін және мемлекеттік орман күзету және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметкерлеріне шаралар қабылдау үшін беріледі.

180. Парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметінің қызметкерлері өрт болған жерден тікұшақтармен немесе жердегі көлікпен әкетіледі.

181. Егер парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар өрттен жаяулап кететін болса, олар өрт болған жақын маңда ашық кеңістікке бақылаушы-ұшқышқа өздері кеткен бағытты көрсететін қайың немесе қабығы аршылған сырықтардан жебе түрінде белгі қойып кетеді. Жол жүріп бара жатып бағыт-бағдарды жоғалтып алған жағдайда топ радио байланысы болмаған кезде от жағады және ұшақ ұшып келгенде оған көмек көрсету туралы белгі беріп, бұл үшін қолда бар құралдарды немесе қол астындағы материалдарды пайдаланады.

182. Филиалға топтар өрт болған жерден оралғаннан кейін парашют, өртке қарсы және дала жабдықтары мен құрал-саймандарының материалдық бөлігі тексеріледі, жөнделіп, жұмысқа толық дайындыққа келтіріледі.

183. Орындаушымен құрылған парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылар қызметі қызметкерлерінің резерві командаларына аға бақылаушы-ұшқыш басшылық етеді. Резерв жұмысына жедел басшылықты республикалық диспетчерлік қызмет жүзеге асырады.

184. Өрт болған жерге резерв командаларын жеткізуге ұшу сапарлары үшін оларға парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшыларды түсіру және жүктерді лақтыру үшін жабдықталған жалға алынған әуе кемелері бекітіледі.

185. Өрт сөндіруге арналған техникаларды түсіру үшін ауыр тікұшақтар пайдаланылады.

186. Резерв командаларының арқаға ілетін бүріккіштері, қол және жеңіл өрт құрал-саймандары болуы және ұшу кезінде ұшақ бортында өрт сөндіруге қажетті құралдардың болуы тиіс, олар:

1) далалық жабдықтар;

2) командалардың ұшақтар және жергілікті филиалдармен байланысуы үшін радиостансалары;

3) белгі беру ракеталары бар ракета ататын тапаншалар;

4) үрмелі резеңке қайықтар;

5) мылтықтар.

187. Әрбір парашютшілер мен өрт сөндіруші-десантшылардың 5 тәулік үшін азық-түлік қоры болуы тиіс; аға орналастырушы топтардың топтың көшуін және тамақтануын қамтамасыз ету үшін ақшалай сомасы болуы тиіс.

188. Резервтің жеке құрамы барлық өрт қауіпі бар кезең ішінде күн сайын орман өртін сөндіру үшін жедел шақырту күту кезекшілігін атқарады.

Резервтің жеке құрамына демалыс күндер республикалық диспетчерлік қызметтің келісімі бойынша жеке жағдайда беріледі.

189. Резервтің аға бақылаушы-ұшқышы ұшу кезінде ұшу сапары кезеңінде бірнеше орман өртін сөндіруге көмек көрсету қажеттігінің тууы мүмкін деген есеппен ұшақтың бортына мүмкіндігінше өрт сөндіруші-парашютшілерді көптеп алуы тиіс.

190. Орман өрті жерлеріне тиісінше өрт сөндіруші-парашютистер мен өрт сөндіруші-десантшыларды қондыру үшін ұшақ және тікұшақтардың ұшу сапарлары қысқа мерзімде командаларды жеткізуді қамтамасыз ететін маршрут бойынша трасстан тыс жүргізіледі.

191. Резерв командаларын жеткізу жөніндегі тапсырмалар жедел сипат алады және өтінім түскен сәттен бастап 1 сағаттан кешіктірілмей әуе кемелерінде орындалуға жатады.

192. Ұшып шығып биіктік алғаннан кейін резервтің аға бақылаушы-ұшқышы диспетчерлік басқару бекетімен байланыс орнатады және оны көрсетілген мерзімде барлық ұшу кезінде кезең-кезеңімен қолдайды.

193. Көмек шақырған филиал аумағына жеткен кезде осы филиалдың орналастыру бекетімен радио байланыс орнатылады. Егер филиалдың ұшағы ( тікұшағы) осы уақытта ұшу сапарында болса, онымен тікелей радио байланыс орнатылады.

194. Резерв командаларының түсірілуі туралы рация бойынша жергілікті филиалға және диспетчерлік басқару бекетіне хабарланады.

195. Резерв командалары түсірілген филиалдың бақылаушы-ұшқышына оларды орман өртіндегі жұмыс кезінде барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету және орналастыру орнына оралуға көмек көрсету жүктеледі.

196. Резервтің өрт сөндіруші-парашютистері мен өрт сөндіруші-десантшылары олар түсірілген орман өртін сөндіру жөніндегі тапсырманы орындағаннан кейін осы филиалдың аумағындағы басқа да өрттерді сөндіруге тек республикалық диспетчерлік қызметтің келісімі бойынша жіберілуі мүмкін.

197. Тікұшақтан парашютпен секіруді және одан түсуді резервтің өрт сөндіруші-парашютистері мен өрт сөндіруші-десантшылары резервтің аға бақылаушы-ұшқышы берген тапсырма бойынша, ал олардың филиалдардағы жұмыс кезеңінде тиісті филиалдардың бақылаушы-ұшқыштары берген тапсырма бойынша орындайды.

198. Резервтің аға бақылаушы-ұшқышы диспетчерлік басқару бекетімен келісім бойынша ұшу сапарында байқалған басқа да өрттерге тоқтауға құқылы.

199. Маневр жасау кезінде резервтің адамдарын, техникалық құралдарды және әуе кемелерін бағыттау Орындаушының тапсырмасы негізінде жүргізіледі.

## 10. Өшпеген орман өрттерінің жай-күйін бақылау және оларды сөндіру жөніндегі шаралар

200. Филиал қызмет көрсететін аумақта пайда болған әрбір орман өртінен кейін ол байқалғаннан сәттен бастап және ол толық сөндірілгенге дейін ауадан бақылау белгіленуі тиіс.

201. Әрбір кезекті қарауылдау ұшу сапарының алдында бақылаушы-ұшқыш әуе кемесінің командирімен бірге жанып жатқан өрттің кезектілігі мен оны қарау мақсатын, сондай-ақ қарау кезіндегі ұшу сапарының режимін белгілейді.

202. Ауыздықталмаған өртті қарау кезінде бақылаушы-ұшқыш өрттің шет аймағы бойынша түтіндеп жатқан жерлерге (өртеніп немесе түтіндеп жатқан ағаштың түптері, діңдері, ағаш қалдықтарының үйінділері), өрттің қайта басталуы және таралу мүмкіндігі тұрғысынан оның қауіптілік дәрежесі мен өрт орнында оны толық сөндіру үшін қалған адамдардың болу-болмауына басты назар аударуы тиіс.

203. Өртті айналып ұшып өту қажеттілігін бақылаушы-ұшқыш өрт сөндіруші басшыдан алған ақпараттың негізінде белгілейді. Егер өрт сөндіру басшысымен байланыс орнатылмаған болса, бақылаушы-ұшқыш жанып жатқан өртті әдеттегідей күн сайын қарап шығады.

204. Әрбір қарап шығу кезінде қарауылдау картасына өрттің шекарасы белгіленеді және өрттің таралу динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін қарау күні мен алаңы көрсетіледі.

205. Жанып жатқан өртті қарау кезінде бақылаушы-ұшқыш өрттің негізгі таралу бағытын, жекелеген өртену орындарының, өртке қатысты аса қауіпті учаскелердің болуын анықтауы тиіс және мүмкіндігінше өрт сөндірумен шұғылданушы жұмысшылар мен техникалардың, өрт жиегі бойынша олардың арақашықтығының дұрыстығын айқындау мақсатында олардың болуын анықтауы тиіс.

206. Қажет болған жағдайда бақылаушы-ұшқыш өрттің нақты схемасын жасайды және оны өрт сөндіру басшысына береді. Мұндай схема сол сияқты орман иеленушінің тиісті өтінішінің болуы кезінде немесе өрт сөндіруші басшының сұрау салуы бойынша жасалады.

207. Орман өртінің схемасы осы ереженің талаптарына сәйкес ірі масштабта жасалады. Схема толық, көзге көрінетін және түсінікті болуы тиіс. Оның болуы өрт сөндіру басшысының жағдайды дұрыс бағалау және өртті тез сөндіру үшін іс-шаралар белгілеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

208. Жанып жатқан орман өртін қарау кезінде бақылаушы-ұшқыш сол сияқты өрт кезінде жұмысшылар, азық-түлік, өрт сөндіру құралдары бойынша көмек қажет пе екендігін анықтауға және қажет болған жағдайда көмек көрсетуге міндетті.

209. Тікұшақтан орман өртін қарау кезінде бақылаушы-ұшқыш бортқа өрт сөндіру басшысын ала алады және өрттің схемасын оның қатысуымен жасайды.

210. Орман өртін сөндіру басшысымен байланыс радио арқылы, дыбыс тарату стансасының немесе белгі зеңбіректерінің, сондай-ақ қол материалдарынан жерге орнатылған белгілердің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

211. Өртте шиеленіскен жағдайларды дұрыс бағалау, қосымша жұмысшылардың қажеттігін анықтау үшін бақылаушы-ұшқыш тікұшақтың қону кезінде өртті сөндіру барысымен жиі-жиі жеке танысуы, өртке қарсы күрес жөніндегі жүргізілген іс-шаралардың тиімділігін бағалауы және осының негізінде өрт сөндіру басшысымен қажетті қосымша іс-шараларды келісуі тиіс.

212. Ауқымды орман өртін ауыздықтағаннан кейін бақылаушы-ұшқыш оны қарауылдау қалай жүзеге асырылып жатқандығына бақылау жасауы және оның шекарасы бойынша өртті айналып ұшып шығуы тиіс.

213. Өртену жиектері қайта пайда болған учаскелер байқалғаннан кейін бақылаушы-ұшқыш ол туралы қарауылдау жүргізуші жұмысшыларға хабарлайды, және қажет болған жағдайда оларды тікұшақпен қайта пайда болған өрт орнына жеткізеді.

Қарауылдау жүргізуші жұмысшылар әуе кемесінің жақындағанын

байқағаннан кейін ашық жерге шығып, бақылаушы-ұшқыштың назарын аударулары тиіс.

214. Ауқымды орман өртін сөндіру туралы шешімді филиалдың бақылаушы-ұшқышымен келісім бойынша орман иеленуші қабылдайды.

215. Егер қызмет етілетін аумаққа ормандардың жоғары өртену кезеңінен кейін жауын-шашын жауса, онда өрт қауіпінің сыныбына қарамастан осы ауқымды орман өртіне дейінгі барлық жанушы орман өрттерін айналып ұшып шығуы тиіс. Бұл ретте бақылаушы-ұшқыш баса назарды оларды толық сөндіруге және қарауылдауға аударады.

216. Ормандардың жоғары өртенуі кезінде филиалдың бақылаушы-ұшқышы филиалдағы жағдай және қабылдаған шаралар туралы орналастыру орны бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияға күн сайын баяндауға міндетті .

217. Орындаушының қызметкерлері орман өрттеріне кінәлілерді анықтауға шаралар қабылдап, орман иеленушіге және ішкі істер органдарына осы кінәлілерді анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтерді хабарлауы тиіс.

Қарауылдаумен қатар өрт орындарына орман өрттерінің пайда болу себептерін тергеу үшін, кінәлілер мен өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушыларды анықтау үшін өртке қарсы қызмет және құқық қорғау органдарының қызметкерлері жеткізіледі.

218. Өртті байқау, қарау немесе сөндіру филиал немесе оның қатысуымен жүргізілген әрбір орман өрті бойынша филиалдың бақылаушы-ұшқышы өртті сөндіргеннен кейінгі үш күндік мерзімде орман иеленушіге белгіленген нысан бойынша жұмсалған ақша қаражаты шығындары туралы анықтаманы оларды орман иеленушіге осы өрттің келтірген нұқсан сомасына қосу үшін тапсырады.

219. Қажет болған жағдайда жанып жатқан орман өрттерін қарап, оларды сөндіруді ұйымдастыру үшін бақылаушы-ұшқыш бортқа орман иеленушіні, сондай-ақ төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия мүшелерін немесе оларға уәкілетті тұлғаларды ала алады.

## 11. Орман қорғау жұмыстарын ұйымдастыру

220. Орман қорғау саласындағы Орындаушының негізгі міндеттері зиянды орман жәндіктерінің жаппай таралу орындарын анықтау және ормандардың санитарлық жай-күйін бақылау болып табылады.

221. Орындаушы орман қорғау бойынша мынадай жұмыстарды орындайды:

1) ормандарды өрттен авиациямен қарауылдау кезінде ормандардың санитарлық жай-күйіне жалпы бақылау жасайды;

2) ұшақпен шолып қарау орман патологиялық зерттеулерді жүзеге асырады.

222. Қажет болған жағдайларда Орындаушы мамандандырылған ұйымдар жүргізетін орман патологиялық зерттеулерге қатысады.

## 12. Ормандардың санитарлық жай-күйін жалпы қадағалау

223. Ормандардың санитарлық жай-күйін жалпы қадағалау ормандардың санитарлық жай-күйін белгілеу және зиянды орман жәндіктерінің жаппай таралу орындарын уақтылы анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

224. Ормандардың санитарлық жай-күйіне жалпы қадағалауды орындау ормандарды өрттерден авиациямен қарауылдаумен қатар жүргізіледі. Ормандардың санитарлық жай-күйіне жалпы қадағалау бойынша арнайы ұшу сапарлары жекелеген шарттар негізінде ғана немесе Орындаушының нұсқауы бойынша жүргізіледі.

225. Жыл сайын өрт қаупі бар маусым басталғанға дейін орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органдарынан, сондай-ақ орман иеленушілерден Орындаушы қызмет көрсетілетін аумақтардағы ормандардың санитарлық жай-күйін сипаттайтын барлық материалдарды жинайды, сондай-ақ өткен жылдардағы қадағалау деректерін жүйелейді.

226. Қызмет көрсетілетін ормандардың санитарлық жай-күйін жалпы қадағалау жөніндегі жұмыстарды бақылаушы-ұшқыш өрт қауіпі бар маусым үшін санитарлық тұрғыдан алғанда барлық жайсыз орман учаскелерін анықтау мақсатында барлық қызмет көрсетілетін аумақтарды қарауды қамтамасыз ететіндей етіп құруы тиіс. Жалпы қадағалау туралы ақпаратты бақылаушы-ұшқыш қызмет көрсетілетін орман иеленушілерге ұсынады.

227. Ұшу сапарларын жүргізу кезінде патологиялық жағдай орын алған орман учаскелерінің сұлбалары көзбен шолып анықталады және қарауыл картасына енгізіліп, кейіннен ұшу сапарынан кейін жұмыс бабындағы карта-схемаға түсіріледі.

228. Жалпы қадағалау жүргізу процесінде бақылау-ұшқыш патологиялық жағдай орын алған мынадай орман учаскелерін тіркеуге алады:

1) қылқан және жай жапырақты ағаштарды кеміргіш жәндіктердің бүлдіруі;
2) жас жел сұлатпалар және дауыл сұлатпалары;
3) жас кеспе ағаштардың былғануы;
4) қурап қалған ағаштар;
5) анықталмаған себептермен патологиялық жағдай орын алған екпелер.

229. Қылқан және жай жапырақты кеміргіш жәндіктермен сүрекдің қолтығының бүлінуі мынадай шәкіл бойынша бағаланады:

1) осал - қылқан, жапырақтың 25 % дейін түсуі кезінде;
2) орташа - қылқанның (жапырақтың) 50 % дейін түсуі кезінде;

3) күшті - қылқанның (жапырақтың) 75 % дейін түсуі кезінде;
4) жаппай - қылқанның (жапырақтың) 75 % жоғары түсуі кезінде.

230. Жалпы қадағалау жүргізу кезінде бақылаушы-ұшқыштың анықтауына жататын барынша шағын норма боп орташа бүліну табылады.

231. Ұшу сапарында бақылаушы-ұшқыш екпелердің жалпы жай-күйіне байқау жүргізеді және ауадан білінген бүліну нышаны бойынша жайсыз санитарлық жай-күйі бар орман учаскелерін анықтайды.

232. Бүліну нышаны бар орман учаскесін байқағаннан кейін бақылаушы-ұшқыш маршруттан түсу орнын алдын ала дәл тексеріп алып оған ұшақ (тікұшақ) жібереді.

233. Бүлінген учаскеге ұшып келіп бақылаушы-ұшқыш оның нақты орналасқан жерін анықтайды және қарауыл картасына жай қарындашпен оның шекарасын белгілейді. Алаңы 0,5 шаршы сантиметрден кем болмайтын осы масштабтың картадағы алатын учаскесі крест белгісімен көрсетіледі және оның шекарасы белгіленбейді.

Учаскелердің орналасқан жері мен олардың алаңын анықтау орман өрттерінің орналасқан жері мен алаңын анықтау сияқты тәртіппен жүргізіледі.

234. Учаскені егжей-тегжейлі қарау және бүліну санаты мен оның сипатын нақтылау үшін ұшу сапарының нақты биіктігі төмендеуі мүмкін, бірақ ол Негізгі ережелері белгілеген мөлшерден кем болмауы тиіс.

235. Бүліну учаскесін сипаттау борт журналында жүргізіледі, онда мыналар:
1) екпелердің таксациондық элементтері (құрамы, жас тобы, толымдылығы);
2) бүліну түрі;
3) бүлінген тұқымы;
4) бүліну сипаты (жаппай, көлбеу, жалғыз ағаш);
5) бүліну учаскесінің алаңы көрсетіледі.

236. Тікұшақпен әуеден қарауылдау кезінде бүліну санатын нақтылау үшін бақылаушы-ұшқыш екпелердің табиғи күйінде алдын ала тексеріп қарау мақсатында байқалған бүлінген учаскенің маңына қона алады.

237. Бүлінуі төтенше сипат алатын және олар ауадан байқалатын учаскелер ұшу сапарынан кейін қарауыл картасында тушпен арнайы белгіленеді және тиісті түстермен көрсетіледі.

238. Ормандардың санитарлық жай-күйін жалпы қадағалау бойынша жұмыстарды есепке алу және қызмет көрсетілетін аумақтың орман патологиялық жағдайын сипаттау үшін масштабы 1:500000 немесе 1:1000000 ұшу картасынан алынатын жұмыс бабындағы көшірме карта-схемасы қызмет етеді, жұмыстар басталмас бұрын ағымдағы жылдың жұмыс картасы дайындалады. Оған өткен

жылдың карта-схемасымен бүлінуі төтенше спат алатын барлық орман учаскелері көшіріледі. Бұл учаскелердің шекаралары, бүліну санаты және бүлінудің реттік нөмірі карта-схемада қара түспен көрсетіледі.

239. Орман патологиялық байқау жүргізілген әрбір ұшу сапарынан кейін бақылаушы-ұшқыш карта-схемада ормандардың санитарлық жай-күйіне тікелей бақылау жүргізілген ұшу сапары маршрутының кезеңдерін қара түспен белгілейді. Әрбір ұшу сапары маршрутының кезеңдерінде бақылау күні және айы көрсетіледі. Жаңадан анықталған учаскелердің шекарасы, бүліну санаты және олардың нөмірлері карта-схемада қызыл түспен белгіленеді. Карта-схема ормандардың санитарлық жай-күйін жалпы қадағалауды орындау бойынша филиалдың жұмысын бақылауға және дұрыс жоспарлауға мүмкіндік береді.

Ормандардың санитарлық жай-күйін жалпы қадағалау жүргізілетін ұшу сапары маршруты кезеңдері бағытынан 8 километр дейінгі арақашықтықта орналасқан учаскелер байқалған болып есептеледі.

240. Жайсыз санитарлық жай-күйі бар анықталған учаскелерді сипаттау арнайы ведомствоға енгізіледі.

241. Бүлінген орманның байқалған учаскесіне бақылаушы-ұшқыш орман иеленушіге берілетін әуеден белгі беру парағын жасайды.

242. Әуеден белгі беру парағын алғаннан кейін орман иеленуші апталық мерзімде алынған хабарламаның жердегі тексерісін ұйымдастыруы міндетті. Егер тексеру кезінде орман учаскесінің бүлінгені расталса, онда қажет болған жағдайда орманды қорғау қызметі маманының қатысуымен қосымша зерттеу жүргізіледі. Әуеден белгі беру парағының тексеру нәтижесі туралы ақпараты орман иеленушіге беріледі. Сыртқы беті толтырылған әуеден белгі беру парағы филиалға жіберіледі.

243. Жердегі тексеру мақсаты болып мыналар табылады:

1) өсіп тұрған ағаштарды көзбен өлшеп бағалау;

2) бүліну себебін және сипатын анықтау (бірлі жарым, көлбеу, жаппай);

3) өсіп тұрған ағаштардың зиянды орман жәндіктерімен, саңырауқұлақтармен ластануын және екпелердің бүліну деңгейін анықтау;

4) орман қорғау іс-шараларын өткізу қажеттілігін анықтау.

244. Қатынасу қиын жерлерде орналасқан учаскелерді жерде тексеру үшін орман иеленушінің мамандары мен қызметкерлері Орындаушымен келісім бойынша филиалдың тікұшағымен тасымалдануы мүмкін.

245. Орман шаруашылығы басқармасы органының өтінімі бойынша алыс және қатынасу қиын жерлерде орналасқан учаскелерді жерде тексеру Орындаушының немесе орман иеленушінің маман-орман патологының басшылығымен өрт сөндіруші-десантшылар командаларының күштерімен жүргізілуі мүмкін.

246. Алыс және қатынасу қиын жерлерде орналасқан учаскелерді жерде тексеру үшін тікұшақты пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда өрт сөндіруші-парашютшілерді түсіру жүргізіледі, оларға:

1) екпелердің бүліну себептерін анықтау;

2) бүлінген ағаштардың үлгілерін жинау;

3) олардың жаппай таралуы кезіндегі зиянды орман жәндіктерінің өкілдерін жинау;

4) зиянкестерді есепке алу карточкасын толтыру арқылы 1 шаршы метр төсенішке немесе бір ағашқа келетін зиянкестер санын анықтау;

5) маршруттық соқпақ жолдар салу жолымен бүліну учаскесі көлемінің шамасын белгілеу және оның схематикалық жоспарын жасау жүктеледі.

Бүлінген және зиянды орман жәндіктерінің жиналған үлгілеріне жинау орны мен уақыты көрсетілген этикетка жапсырылады.

247. Тексеру бойынша жүргізіледі, маршруттық соқпақ жолдардың саны мен қашықтығы тексеруге арналған тапсырмада көрсетілуі тиіс. Маршруттық соқпақ жолдар бар жолдар, соқпақтар, ашық алаңқайлар бойынша салынады және жақсы көрінетін бағдарларға бекітіледі. Олар бүлінген учаскелермен аралас екпелердің бөлігін қамтуы тиіс.

248. Зиянкестердің санын анықтау үшін жекелеген ағаштар немесе сынақ алаңдары түріндегі маршруттық соқпақ жолдар бойынша сынақ үлгілері алынады.

249. Жердегі тексеру үшін өрт сөндіруші-парашютшілерді түсіру алдында оларға орман күзету бойынша аға бақылаушы-ұшқыш не орман иеленушінің бақылаушы-ұшқышы немесе біліктілігі жоғары маманы биология бойынша ықтимал зиянкестер, оның айрықша белгілері, екпелердің бүліну сипаты, алдын ала тексеріп зерттеу техникасы және сынақ алу бойынша толық нұсқаулық берілген болуы тиіс.

250. Тексеруді бір немесе бірнеше өрт сөндіруші-парашютшілер (жұмыс көлеміне және жәндіктер орналасқан жердің қашықтығына байланысты) жүргізеді.

251. Жалпы орман патологиялық қадағалау деректері бойынша орман қорғау жөніндегі аға бақылаушы-ұшқыш Орындаушымен қызмет көрсетілетін әрбір облыс бойынша ормандардың санитарлық жай-күйінің жалпы картасын жасайды және үнемі нақтыланып отырады. Мұндай карталар ретінде әкімшілік немесе 1: 500000 масштабтан 1:1000000 масштабқа дейінгі басқа да карталар пайдаланылады.

252. Ормандардың санитарлық жай-күйінің жалпы картасын дайындау оларға мынадай деректердің шартты белгілерін қоюмен тұжырымдалады:

1) Орындаушы егжей-тегжейлі орман патологиялық қадағалауды жүзеге

асыратын учаскелердің филиал қызмет көрсететін аумағының шекаралары;
2) самырсын екпелері мен басқа да ағаштардың бағалы тұқымдарының шекаралары.

253. Орман патологиялық қадағалау жүзеге асырылуына қарай картаға орманның патологиялық жағдай орын алған учаскесі белгіленеді. Қылқан және жай жапырақты ағаштарды кеміргіш әрі ағаш діңін бүлдіретін зиянкестердің орналасқан жерлері картада оларды жерде тексергеннен кейін ғана белгіленеді.

## 13. Ұшақпен шолып қарау арқылы жүргізілетін орман патологиялық зерттеулер

254. Ұшақпен шолып қарау орман патологиялық зерттеулерді Орындаушы орындайды. Олар орман иеленушілермен экспедициондық орман патологиялық зерттеулер жоспарланбаған, ал ұшақпен шолып қарау орман патологиялық зерттеулерді жедел жүргізу қажетті бар жағдайларда арнайы шарттар негізінде жүргізіледі.

255. Шартта зерттеуге жататын орман алаңдары, ұшу сапарларын жүргізу мерзімдері, ұшу сапарларының маршруттары белгіленуі тиіс қашықтықтар және жұмыстардың құны анықталады.

256. Ұшу сапарларының маршруттары зерттелетін аумақ бойынша бір-біріне қатар 4-10 километр сайын тартылады. Биік таулы аудандарда маршруттар жазық жерлердің бойымен тартылады. Ерекше ұқыпты түрде зерттеу қажет жағдайларда аумақты ұшып өту кемінде 4 километр сайын белгіленген маршруттардың желісі бойынша жүргізіледі.

257. Ормандардың санитарлық жай-күйі туралы материалдарды талдау және әуеайлақтың орналасу аумағының ерекшелігін және басқа да рельеф ерекшеліктерін ескере отырып орман патологиялық қадағалау деректері негізінде ұшу уақытының жоспарлы шығындары мен ұшу тәртібі анықталады. Жоба 1: 500000 масштабтағы топографиялық картада жасалады және оны Орындаушы бекітеді.

258. Ұшақпен шолып қарау орман патологиялық зерттеу бойынша ұшу сапары кезінде ұшақтың (тікұшақтың) экипажына ұшқыштан басқа екі бақылаушы-ұшқыш кіреді. Олардың біреуі (аэронавигатор) бүлінген орман учаскесін анықтайды және суреттейді. Екіншісінің міндеті (аэроорман патолог) ұшақ жүргізуді белгіленген бағыт бойынша жүзеге асыру, сондай-ақ зиянкестер анықталған учаскелердің орналасқан жерін анықтау және олардың сұлбасын картада белгілеу болып табылады.

259. Ұшу сапарлары қарауылдау ұшақтарында (тікұшақтарда) ормандарды өрттен қорғау бойынша ұшу сапарларынан бос күндері орындалады.

260. Орман патологиялық зерттеу үшін қандайда бір себептермен қарауылдау ұшағын (тікұшағын) пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда оның орындалуы үшін арнайы ұшақ (тікұшақ) жалға алынады немесе меншікті әуе кемесі пайдаланылады.

261. Ұшақпен шолып қарау орман патологиялық зерттеу жүргізу кезінде егжей-тегжейлі бағдарлау үшін қарауыл картасы және жұмыс бабындағы 1: 500000 масштабындағы карта-схемалар пайдаланылады.

Орманның бүлінген учаскелерінің шекаралары көрсетілген жұмыс карта-схема орманның санитарлық жай-күйін есепке алу үшін қызмет етеді және оны сипаттайды.

262. Әрбір ұшу сапарының алдында ұшу сапарының картасына жай қарындашпен осы ұшу сапарында белгіленген маршруттар көрсетіледі.

263. Аэронавигатор белгіленген маршрут бойынша ұшақ жүргізуді қамтамасыз етеді. Аэроорман патолог бұл уақытта екпелердің жалпы түріне бақылау жасайды. Қалыпты орман екпесінен түр-түсіне байланысты ерекшеленетін учаскелерді байқағаннан кейін ол аэронавигаторға ұшақты ( тікұшақты) осы учаскеге қарай бағыттауға нұсқау береді.

Ұшақ учаскеге жақындаған кезде аэронавигатор картаға оған аэроорманпатолог көрсеткен шекараны белгілейді. Содан соң ұшу сапарының биіктігі Негізгі ережелерінде көзделген қауіпсіздік деңгейіне дейін төмендейді. Аэроорманпатолог бүліну сипатын нақтылауды және картаға бүліну учаскесінің орман патологиялық сипаттамасын белгілейді.

264. Учаскені зерттеуді аяқтағаннан соң аэронавигатор ол маршруттан түскен жерге қарай ұшақты бағыттайды және маршрут бойынша ұшу сапарын жалғастырады.

265. Бүліну учаскесі соншалықты ауқымды, бірнеше маршруттармен жүргізілетін жағдайларда оның шекаралары маршруттан ауытқымай-ақ енгізіледі , бұл ретте маршрут бойынша әрбір ұшу сапарын орындау кезінде көрінетін бүліну шекарасы белгіленеді. Осындай екпелердің ішінде бүлінуі біртекті орман учаскелері байқалады. Бүлінген учаскелердің сұлбалары учаскенің барлық шекарасы сияқты маршруттан ауытқымай-ақ белгіленеді. Бұл бүліну сипатын нақтылау немесе кейбір алаңдарды егжей-тегжейлі қарау мақсатында ғана орындалатын үлкен учаскелерді ұшып өту кезінде маршруттан жеке ауытқуды теріске шығармайды.

266. Бүліну сипатына қарау учаскелердің сұлбалары жұмыс картасында мынадай түстермен боялады:

1) толық желінген - қызыл;

2) орташа желінген - қызғылт фондағы қызыл штрихпен;

3) едәуір желінген - қызғылт;

4) жас өртеңдер - қоңыр;

5) жел және дауыл сұлатпалар - сары;

6) жас кеспе ағаштардың ластануы - күлгін түсті штрихпен;

7) әртүрлі себептерге байланысты бүліну - жасыл штрихпен;

8) қурап қалған ағаштар - сұр.

267. Сұлбалары енгізілмеген шағын учаскелер жұмыс картасында бүліну сипатына сәйкес келетін түске боялып, шеңбермен қоршалатын қара нүктемен белгіленеді.

268. Барлық енгізілген учаскелер орман иелену алаңы шегінде тәртіп бойынша нөмірленеді.

269. Орман қорының бүлінген учаскелерін сипаттау әрбір орман иеленуші бойынша арнайы ведомстволарға енгізіледі.

270. Жекелеген орман иеленушілердің орман қоры алаңдарын зерттеуді аяқтағаннан кейін олардың әрқайсысына тиісті ведомствоның көшірмесі қоса берілген жұмыс картасының көшірмесі жіберіледі.

271. Арнайы ұшақпен шолып қарау орман патологиялық зерттеулер жүргізілген қызмет көрсетілетін аумақтар филиалдарының бақылаушы-ұшқыштары зерттеу материалдары бойынша өздерінің карта-схемаларын және қарауыл карталарын нақтылауға міндетті, оларды бүлінуі тұрақты сипат алатын барлық учаскелер, сондай-ақ зиянды орман жәндіктерінің жаппай таралу орындары және жай-күйіне филиал жүйелі бақылауды жүзеге асыруы тиіс басқа да учаскелер көрсетіледі.

## 14. Экспедициялық және орман патологиялық зерттеулер

